Осы кестеден көріп отырғанымыздай, оқушылардың сандық құрамы оқудан шыққан оқушылармен салыстырғанда келген оқушылардың көп болуына байланысты артады. Соңғы жылдары контингенттің өсуі байқалады. Бұл оқушылар санының өсуіне себеп болатын Орталық, Абылайхан даңғылы шағын ауданында жаңа ғимараттардың пайдалануға берілуіне байланысты.

Жыл	Келген оқушылар саны	Кеткен оқушылар саны
2021 жыл	140 оқушы	114 оқушы
2022 жыл	199 оқушы	160 оқушы
2023 жыл	184 оқушы	133 оқушы

4. Оқу-әдістемелік жұмыс

Оқу жұмыс жоспарларында оқу пәндері және сағат саны бастауыш, негізгі орта және орта білім үлгілік оқу жоспарларына сәйкес келуі

<https://cloud.mail.ru/public/5eZr/iG3aH7SFs>

Жұмыс оқу жоспарлары 2021-2022 **<https://cloud.mail.ru/public/Nr6x/j4scavtPx>**

Жұмыс оқу жоспарлары 2022-2023 **<https://cloud.mail.ru/public/UZ7K/wKkcH1gZN>**

2023-2024 оқу жылында білім беру процесі мектебімізде сыныптар бойынша төмендегідей нормативтік құжаттар негізінде ұйымдастырылды.

Ол мемлекеттік жалпыға бірдей білім беру стандарты, типтік оқу жоспары, типтік оқу бағдарламасы.

Мектебіміз 2023-2024 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алды. Сонымен қатар оқу-тәрбие процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруға жоспарлады.

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы);

– «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы);

– «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы);

– «Білімді ұлт» «Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысы;

– «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы);

– «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы өзгеріспен №472.);

«Өмір қауіпсіздік негіздері» курсы оқыту:

– 1-4-сыныптарда «Дүниетану» оқу курсының аясында;

– 5-9-сыныптарда – «Дене шынықтыру» пәні аясында;

– 10-сыныптарда «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында жүргізілді.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне критерийлер:

Апталық оқу жүктемесінің максималды көлеміне сәйкес.

Жыл сайын білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сақталады, МЖМБС-да белгіленген нормаларға сәйкес келеді.

	2021-2022	2022-2023	2023-2024
1-4 сыныптар	<p>ҮОЖ (ТУП) (1-2 сыныптар) 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығына 11 қосымша., № 500 от 08.11.2012 (қосымша 14)</p> <p>ҮОЖ (ТУП) (3-4 сыныптар) 2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 бұйрығына 7 қосымша.</p>	<p>ҮОЖ (ТУП) 12 тамыз 2022 жылғы №365 бұйрығы 11 қосымша. № 500 от 8.11.2012 (қосымша 11)</p>	<p>ҮОЖ (ТУП) №500 8.11.2012 бұйрығы (қосымша 11)</p>

	№ 500 от 08.11.2012 (қосымша 31)		
оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі	1 сынып – 22,5 2 сынып – 23 3 сынып – 26 4 сынып – 26	1 сынып – 19,5 2 сынып – 24 3 сынып – 25 4 сынып – 25	1 сынып – 19,5 2 сынып – 24 3 сынып – 26 4 сынып – 26
5-9 классы	ҮОЖ (ТУП) 2021жылғы 26 наурыздағы қазақ сыныптарында №125 бұйрығына 16 қосымша. орыс сыныптарында №125 бұйрығына 17 қосымша.	ҮОЖ (ТУП) қазақ сыныптарында № 500 от 8.11.2012 (қосымша 16), орыс сыныптарында (9Е, 9Ж сыныптар) № 500 от 8.11.2012 (қосымша 17)	ҮОЖ (ТУП) 30 қыркүйек 2022 жылғы №412 бұйрығы 13 қосымша. № 500 от 8.11.2012 (қосымша 19)
оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі	5 сынып – 29 6 сынып – 30 7 сынып – 31 8 сынып – 32 9 сынып – 34	5 сынып – 27,5 6 сынып – 27,5 7 сынып – 30,5 8 сынып – 30,5 9 сынып – 32 (орыс сынып 9Е,9Ж -33)	5 сынып – 28,5 6 сынып – 28,5 7 сынып – 32,5 8 сынып – 32,5 9 сынып – 34
10-11 классы	ҮОЖ (ТУП) 2021жылғы 26 наурыздағы қазақ сыныптарында №125 бұйрығына 22 қосымша, орыс сыныптарында №125 бұйрығына 24 қосымша.	ҮОЖ (ТУП) қазақ сыныптарында № 500 от 8.11.2012 (қосымша 22), орыс сыныптарында № 500 от 8.11.2012 (қосымша 24)	ҮОЖ (ТУП) 30 қыркүйек 2022 жылғы №412 бұйрығы 19 қосымша. Қазақ сыныптарында № 500 от 8.10.2012 (қосымша 22), орыс сыныптарында (10Д, 11Г) № 500 от 8.10.2012 (қосымша 24)
оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі	10 сынып -35 11 сынып -35	10 сынып -33 11 сынып -38	10 сынып -34 11 сынып -34

Мектеп компонентінен оқу пәндерінің базалық деңгейін дамыту бағытына бөлінген сағаттар

- Мектебіміз үлгілік оқу жоспарының 4 нұсқасы бойынша жұмысын жалғастыратын болады. Мұның негізінде 16 сағат 7-11 сыныптарға биологияға , 15 сағат химия пәндеріне берілді. Ғылым жетітіктерінің қазіргі заманмен тығыз байланыстарын көрсету және экологиялық білімдерін арттыру. Білім беру саласы бойынша оқыту барысында оқушылардың білім және білікті кешенді қолдана білу шеберліктерін қалыптастыруға бағытталған оқу іс-әрекетін ұйымдастырылды.
- 21 сағат алгебра пәндеріне бөлінді. Мұнда оқушылардың математикалық формулаларды қолдану, дербес жағдайларды жалпылау негізінде шамалар арасындағы тәуелділіктің формулаларын өздігінен құрастыру; игерілген математикалық білім, білік, есептеу, өлшеу және графиктік дағдыларды пайдаланып практикаға бағытталған тапсырмаларды шешу; дәлелдемелі пайымдау жүргізу, математикалық мәтінмен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру көзделіп отыр.
- 8 география пәнінен 7-11 сыныптарға мектеп компонентінен берілді. Оқушылардың әлемде, дүниежүзі елдерін танып білуге географиялық құбылыстарды түсінуге және елдер арасындағы экономикалық байланыстар жайында түсінік қалыптастыру.

- 9 сағат Қазақстан тарихы пәні 10-11 сыныптарына берілді. Қазақстан тарихын оқытудың мақсаты – оқушыларға оның жерін ежелгі заманнан бастап осы күнге дейін мекендеп келген адамзаттың жүріп өткен тарихи жолын, адамдар жасаған құндылықты, мәдениетті яғни олар жинаған тарихи тәжірибенің негізін оқытып үйрету және пән бойынша қорытынды аттестаттауға және жоғарғы оқу орнына түсу емтиханына дайындау.
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2014 жылғы 15 шілдедегі № 281 бұйрығын негізге ала отырып 4 сағат 9-сыныпта «Зайырлылық және дінтану негіздері» «Жаһандық құзыреттілік» элективтік курсына оқытылатын болады.
- «Жаһандық құзыреттілік» элективтік курсына 24 сағат 5-11 сыныптарда берілді.

Вариативтік компоненттен оқушылардың қызығушылығын ескере отырып 5-11 сыныптарда 31 сағат спорт ойындары секциясы жүргізілетін болады. Мақсаты оқушылардың денсаулығын нығайтып күші жігерін артыру, қозғалыс белсенділігін жетілдіру. Спорттық ойындарға оқушылардың қызығушылығын арттыру.

- 11 сағат футбол (6в,6г,6е,8а,8б,8в,9б,9в,10г,11в,11г)
- 17 сағат волейбол (5А,5Б,5В,5Г,5Е,6А,6Б,7А,7Б,7В,7Г,8Г,8Е,9А,9Г,10А,10Б)
- 4 сағат баскетбол (10В,11А,11Б,10Д)

Сыныптардың топтарға бөлініп оқытылуына қойылатын талаптардың сақталуы.

2021-2022 оқу жылында 1-4 сыныптарда орыс тілі, ағылшын тілі, цифрлық сауаттылық пәндері топқа бөлінді. 5-9 сыныптарда Көркем еңбек және дене шынықтыру пәндері бойынша ұлдар мен қыздарға (толымдылығына қарамастан), орыс тілі, ағылшын тілі, информатика пәндері (24 оқушыдан кем болмаса) топқа бөлінді. 10-11 сыныптарда дене шынықтыру пәндері бойынша ұлдар мен қыздарға (толымдылығына қарамастан), орыс тілі, ағылшын тілі, информатика пәндері топқа бөлінді.

2022-2023 оқу жылында топтарға бөлу ҚР Білім Министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығымен, ҚР Білім Министрінің 2022.09.23 № 406 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес жүзеге асырылады. Сыныпты екі топқа бөлу қалалық жалпы білім беретін білім беру ұйымдарында 24 және одан да көп білім алушылар сыныптарын толтыру кезінде білім алушылар: ағылшын тілі, орыс тілі, цифрлық сауаттылық бойынша жүзеге асырылады (1 сыныптан басқасы). "Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мамандандырылған, арнайы білім беру ұйымдары, балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына сәйкес және ересектер", Б.96.ШЖМ-де сыныпты екі топқа бөлу: 1) орыс тілі мен әдебиеті – қазақ тілінде оқытатын сыныптарда; 2) Шет тілі; 3) информатика пәндерінен 24 және одан да көп білім алушылар болған кезде жүзеге асырылады. 5-9 сыныптарда Көркем еңбек пәні бойынша ұлдар мен қыздарға бөлінеді. 1-11 сыныптарда дене шынықтыру пәні бойынша бөлу жоқ. Сыныптарды топтарға бөлуге қойылатын талаптар сақталған.

2023-2024 оқу жылында топтарға бөлу ҚР Білім Министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығымен, ҚР Білім Министрінің 2022.09.23 № 406 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес жүзеге асырылады. Сыныпты екі топқа бөлу қалалық жалпы білім беретін білім беру ұйымдарында 24 және одан да көп білім алушылар сыныптарын толтыру кезінде білім алушылар: ағылшын тілі (1,2 сыныптан басқасы), орыс тілі, цифрлық сауаттылық (1 сыныптан басқасы) бойынша жүзеге асырылады "Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мамандандырылған, арнайы білім беру ұйымдары, балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына сәйкес және ересектер", Б.96.ШЖМ-де сыныпты екі топқа бөлу: 1) орыс тілі мен әдебиеті (5-7 сыныптардан басқасы) – қазақ тілінде оқытатын сыныптарда; 2) Шет тілі; 3) алгебра (11-сыныптар), 4) информатика пәндерінен 24 және одан да көп білім алушылар болған кезде жүзеге асырылады. 5-9 сыныптарда Көркем еңбек пәні

бойынша ұлдар мен қыздарға бөлінеді. 1-11 сыныптарда дене шынықтыру пәні бойынша бөлу жоқ. Сыныптарды топтарға бөлуге қойылатын талаптар сақталған.

Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.

оқу жылы:

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізімінде №17669 болып тіркелген) бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2021жылғы 27шілдедегі №368бұйрығының, Ақмола облысы білім басқармасының 2020 жылғы 18 тамыздағы №157 бұйрығының негізінде меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалды:

а) **2021-2022** оқу жылының басталуы – 2021 жылғы 1 қыркүйек;

ә) оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11 (12)- сыныптарда - 34 оқу аптасы. 2-11 (12) сыныптарда сабақтың ұзақтығы – 45 минут. 1-сыныптарда оқу сабақтарының "сатылы" режимі: қыркүйекте 35 минуттан 3 сабақ, қазан айынан бастап 45 минутқа дейін санитарлық ережелерге сәйкес дене шынықтыру минуттары мен көзге арналған гимнастика сабақтарында өткізіледі (www.nao.kz)

2021-2022 оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:

1-11 (12)- сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2021 жылғы 1-7 қараша аралығында), қысқы – 11күн (2021 жылғы 30 желтоқсан мен 2022 жылғы 9 қаңтар аралығында), көктемгі –12күн (2022жылғы 19-30 наурыз аралығында)

1-сыныптарда қосымша каникул – 7 күн (2022 жылғы 7-13 ақпан аралығында)

оқу жылы:

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізімінде №29030 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №363 бұйрығының негізінде меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалды:

а) **2022-2023** оқу жылының басталуы – 2022 жылғы 1 қыркүйек;

ә) оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 35 оқу аптасы, 2-11 (12)- сыныптарда - 36 оқу аптасы. 2-11 (12) сыныптарда сабақтың ұзақтығы – 45 минут. 1-сыныптарда оқу сабақтарының "сатылы" режимі: қыркүйекте 35 минуттан 3 сабақ, қазан айынан бастап 45 минутқа дейін санитарлық ережелерге сәйкес дене шынықтыру минуттары мен көзге арналған гимнастика сабақтарында өткізіледі (www.nao.kz).

2022-2023 оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:

1-11 (12)- сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2022 жылғы 31 қазан-6 қараша аралығында), қысқы –9күн (2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2023жылғы 8қаңтар аралығында), көктемгі –9күн (2023жылғы 18-26наурыз аралығында)

1-сыныптарда қосымша каникул – 7 күн (2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында)

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізімінде №29030 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығының негізінде меншік нысанына және ведомстволық

бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалды:

а) **2023-2024** оқу жылының басталуы – 2023 жылғы 1 қыркүйек;

ә) оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11 (12)- сыныптарда - 34 оқу аптасы. 2-11 (12) сыныптарда сабақтың ұзақтығы – 45 минут. 1-сыныптарда оқу сабақтарының "сатылы" режимі: қыркүйекте 35 минуттан 3 сабақ, қазан айынан бастап 45 минутқа дейін санитарлық ережелерге сәйкес дене шынықтыру минуттары мен көзге арналған гимнастика сабақтарында өткізіледі (www.nao.kz).

2023-2024 оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:

1-11 (12)- сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2023 жылғы 30 қазан-5 қараша аралығында), қысқы – 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсан мен 2024 жылғы 7 қаңтар аралығында), көктемгі – 11 күн (2024 жылғы 21-31 наурыз аралығында)

1-сыныптарда қосымша каникул – 7 күн (2024 жылғы 5-11 ақпан аралығында).

Туісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау;

Білім берудің барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 Бұйрығы (2-қосымшаның 46-т., 3-қосымшаның 62-т., 4-қосымшаның 56-т.) мектепте мынадай оқыту кезеңдері мен мерзімдері айқындалған:

1) бастауыш білім, 1-4 сынып (оқу мерзімі 4 жыл);

2) негізгі орта білім, 5-9 сынып (оқу мерзімі 5 жыл);

3) жалпы орта білім, 10-11 сынып (оқу мерзімі 2 жыл)

2023-2024 оқу жылында 1 жарты жылдықта 1-11 сыныптарды аяқтаған оқушылар саны 1284.

1-4 сыныптарда-466

5-9 сыныптарда- 586

10-11 сыныптарда-232

56 сынып комплект:

52-і мемлекеттік тілде- 1207 оқушы білім алды.,

Оқу тілі бойынша


	қазақша	орысша	Барлығы
1-4	466	-	466
5-9	568	18	586
10-11	173	59	232
БАРЛЫҒЫ	1207	77	1284

Бастауыш сыныптарда 466 оқушы, орта буында 568 оқушы қазақша , жоғарғы сыныптарда 173 оқушы қазақша оқыды.

Білім сапасы соңғы 3 жылда арнайы сыныптарсыз төмендегідей

Мектеп бойынша 1 жарты жылдықтың 3 жылдық білім сапасының көрсеткіші

Оқу жылы	Арнайы сыныпсыз	Арнайы сыныппен
2021-2022	60,5%	58,8%
2022-2023	60,7%	59,1%
2023-2024	59,4	58,2



Алтын белгі

2021-2022-3
 2022-2023-0
 2023-2024-0


Үздік аттестат

2021-2022 оқу жылы -2
 2022-2023 оқу жылы -1
 2023-2024 оқу жылы -2

Оқушы саны бойынша салыстармалы кесте

2021-2022 оқу жылы 1161 оқушы,
 2022-2023 оқу жылы 1198 оқушы .

2023-2024 оқу жылы 1284 оқушы Өткен оқу жылмен салыстырғанда оқушылардың саны 86 оқушыға артық.



Сынып комплект бойынша салыстырмалы кесте

СЫНЫП КОМПЛЕКТ БОЙЫНША



2021-2022 оқу жылы -54

2022-2023 оқу жылы -55

2023-2024 оқу жылы -56

Оқу тіліне қарай 2021-2022 оқу жылы -44 сынып қазақ тілінде/10 сынып орыс тілінде
2022-2023 оқу жылы -48 сынып қазақ тілінде /7 сынып орыс тілінде оқытылды.(Мұның ішінде 6 сынып арнайы сынып болып жұмыс жасады,3 сынып қазақша ,3 сынып орысша)

2023-2024 оқу жылы -52 сынып қазақ тілінде /4 сынып орыс тілінде оқытылды.(Мұның ішінде 6 сынып арнайы сынып болып жұмыс жасады, 4 сынып қазақша, 2 сынып орысша)

Орыс тілінде оқи жалпы білім берген сыныптар 10д,11г.

Бұдан шығатын қорытынды қазақ тілінде оқыту бойынша сыныптар саны алдыңғы жылмен салыстырғанда артқан, орыс тілінде оқитын сыныптар 2 сыныпқа азайып отырған. Бұған себеп мектептің кезең-кезең бойынша мемлекеттік тілге ауысуы үрдісінің көрінісі.

10 сыныптарда (қазақша) биология - география сыныбында 44 оқушы, биология -химия (қазақша) сыныптарында 49 оқушы және орыс тіліндегі биология -география сыныбында 30 оқушы білім алды. Барлығы 123 оқушы. Бұл өткен оқу жылымен салыстырғанда 86 оқушыға артық. 2022-2023 оқу жылында 111 оқушы 10 сыныпты аяқтаған болатын.

Білім алушылардың 2- тоқсанның оқу қызметін бағалау

2023 - 2024 оқу жылындағы мектеп бойынша үлгерім - 100%, білім сапасы – 58,2%. 117 оқушы үздік аяқтады .«4» пен «5» - 547 оқушы.

Үздік аттестатқа үміткер 11 сыныптарда 2 оқушы Гиззатова Шадияр, Сайран Нұрсезім 11 Б сыныбында қазақ тілінде білім алады.

9 сыныптарда үздік аттестатқа үміткер оқушылар саны-7.

Олар: 9 «А» сыныбынан екі оқушы Айтқожина Адина, Белгібай Аружан; 9 «Б» Маликова Дария , Адильханов Дархан ; 9 «В» Урал Айлана; 9 «Г» Шолхан Дильназ, Махат Дана.

2023-2024 оқу жылының 2 тоқсандық қорытындысы арнайы сыныптарсыз						
сынып	Оқушылар саны	үздіктер	екпінділер	қанағаттанарлық	% сапа	% үлгерім
1 сынып	143	0				
2 сынып	111	19	59	33	70,3	100
3 сынып	103	19	53	31	69,9	100
4 сынып	100	20	51	29	71,0	100
5 сынып	111	17	56	38	65,8	100
6 сынып	117	15	57	45	61,5	100
7 сынып	103	8	50	45	56,3	100
8 сынып	116	6	59	51	56,0	100
9 сынып	114	7	54	53	53,5	100
10 сынып	123	4	47	72	41,5	100
11 сынып	109	2	55	52	52,3	100
Барлығы:	1107	117	541	449	59,4	100

2023-2024 оқу жылының 2 тоқсанын арнайы сыныптарсыз 1107 оқушы аяқтаған болса оның 117

ны өте жақсыға, 541 жақсы деңгейде білім сапасын көрсетті. 2 тоқсандық қорытындысы арнайы сыныптарсыз- 59,4%. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда -1,3 пайызға төмен көрсеткіш. Яғни өткен оқу жылында 60,7 пайызбен аяқтаған.

2023-2024 оқу жылының 2 тоқсандық қорытындысы арнайы сыныптармен						
сынып	Оқушыл ар саны	үздіктер	екпінділер	қанағаттанарлық	% сапа	% үлгерім
1 сынып	144	0				
2 сынып	119	19	61	39	67,2	100
3 сынып	103	19	53	31	69,9	100
4 сынып	100	20	51	29	71,0	100
5 сынып	111	17	56	38	65,8	100
6 сынып	117	15	57	45	61,5	100
7 сынып	119	8	53	58	51,3	100
8 сынып	125	6	60	59	52,8	100
9 сынып	114	7	54	53	53,5	100
10 сынып	123	4	47	72	41,5	100
11 сынып	109	2	55	52	50,9	100
Барлығы:	1140	117	547	476	58,2	100

Ал, арнайы сыныптарды қоса есептегенде 2023-2024 оқу жылының 2 тоқсандық қорытындысы 58,2% ды көрсетті. Бұл өткен жылмен салыстырғанда -0,9 % ға кем.

2023-2024 оқу жылының 2 тоқсан бойынша буындар бойынша сараптасак төмендегідей қорытындысы жасалды.(арнайы сыныптарсыз)

сыныптар	2-4	5-9	10-11	жалпы
Барлық оқушылар саны	314	561	232	1107
«5» -ке	58	53	6	117
«4»-пен «5»-ке	163	276	102	541
3 ке	93	232	124	449
Үлгерімі %	100%	100%	100%	100%
Сапасы %	70,3	58,6	46,5	59,4

Ал, 2022-2023 оқу жылының жылдық қорытындысы буындар бойынша нәтижесі арнайы сыныптарсыз төмендегідей білім сапасын көрсетті

сыныптар	2-4	5-9	10-11	жалпы
Барлық оқушылар саны	294	572	175	1041
«5» -ке	61	62	3	126
«4»-пен «5»-ке	160	291	85	536
«3»- ке	73	219	87	379
Үлгерімі %	100%	100%	100%	100%
Сапасы%	75,1	61,7%	50,2%	63,5%

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен формативті және жиынтық бағалау талаптарын сақтау

ЖОББ №19 мектебінің тоқсандық жиынтық бағалау

жүргізілуі бойынша талдау

2023-2024 оқу жылы бірінші және екінші тоқсан бойынша кестеге сәйкес БЖБ және ТЖБ жиынтық бағалау жүргізілді.

Мақсаты: бөлім, тоқсан бойынша оқушылардың білім деңгейлерін талдау; олқылықтарды анықтау;

Бөлім бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларын әзірлеу алгоритмі келесі кезеңдерден тұрады:

- 1) оқу бағдарламасын, бөлім/ортақ тақырыптар бойынша оқу мақсаттарын талдау;
- 2) жиынтық бағалауда тексерілетін оқу мақсаттарына сәйкес бағалау критерийлерін анықтау, оларды ойлау дағдыларының деңгейлерімен сәйкестендіру;
- 3) ойлау дағдыларының деңгейлеріне сәйкес келетін тексерілетін критерийлердің, оқу мақсаттарының мазмұнын қамтитын бір немесе бірнеше тапсырма дайындау;
- 4) әр тапсырмаға дескрипторлар құрастыру және балл белгілеу;
- 5) білім алушыларға, олардың ата-аналарына жиынтық бағалау нәтижелерін ұсыну үшін бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау рубрикасын құрастыру, бағалау критерийлеріне сәйкес деңгейлерлерді сипаттау.

Мектепшілік бақылау жоспарына сай алынған БЖБ, ТЖБ бойынша балл және баға туралы шешімді мұғалім бағалау критерийлеріне сәйкес орындады. Сонымен қатар пән мұғалімі әр оқушының орындаған жұмысы бойынша объективті шешім қабылдауына бөлім бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларына құрастырылған дескрипторлар, тоқсандық бағалау тапсырмалары бойынша құрастырылған балл қою кестелері жасалды. Жиынтық бағалау нәтижесінде алынған деректерді түзету және оқу процесіне талдау жасау үшін қолданды.

Пән мұғалімдеріне БЖБ, ТЖБ тапсырмаларын құрастыру алгоритімі таныстырылып, ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес тоқсандық жиынтық бағалау спецификациясымен құрды. Барлық негізгі пәндер бойынша мектепшілік бақылау жоспары негізінде ТЖБ талдаулары жүргізілді. ТЖБ немесе ТЖБ жүргізу кезінде жиынтық бағалау күніне үш пәннен артық жүргізілмейді. Әр сынып бойынша 2 нұсқада тапсырмалар әзірленді. Тапсырма құру кезінде спецификацияға сүйеніп, формасы қатаң сақталды.

Пәндер бойынша карта, кестелер, суреттердің шығару сапасына көңіл бөлініп, тыңдалым тапсырмаларының аудио материалдарының естілу сапасы алдын-ала тексерілді. Бөлім бойынша жиынтық бағалау жұмыстары нормативтерге сәйкес 7-20 балл аралығында бағаланды, ашық және жабық сұрақтармен берілген деңгейлік тапсырмалар арқылы алынды. ТЖБ тапсырмалары әдістемелік бірлестік отырыстарында талқыланып, талданды.

Әр пән бойынша БЖБ және ТЖБ талдаулары гугл сайтқа жүктеліп отырады

<https://sc0017.kokshetau.aqmoedu.kz/content/attestaciya-shkoly>

2023-2024 оқу жылының БЖБ, ТЖБ кестесінің сілтемелері:

1тоқсан <https://sc0017.kokshetau.aqmoedu.kz/content/grafik-provedeniya-sorsoch-za-1-chetverty-2023-2024-uchebnogo-goda>

2тоқсан <https://sc0017.kokshetau.aqmoedu.kz/content/grafik-sor-soch-2-chetverty>

3тоқсан <https://sc0017.kokshetau.aqmoedu.kz/content/grafik-sor-soch-3-chetverty>

2022-2023 оқу жылдарындағы ТЖБ, БЖБ кестесі:

1тоқсан <https://sc0017.kokshetau.aqmoedu.kz/content/grafik-provedeniya-sor-soch-na-1-chetverty-2022-2023-uchebnogo-goda>

2тоқсан <https://sc0017.kokshetau.aqmoedu.kz/content/grafik-provedeniya-sorsoch-za-2-chetverty-2022-2023-uchebnogo-goda>

3 тоқсан <https://sc0017.kokshetau.aqmoedu.kz/content/grafik-provedeniya-sorsoch-za-3-chetverty-2022-2023-uchebnogo-goda>

4 тоқсан <https://sc0017.kokshetau.aqmoedu.kz/content/grafik-provedeniya-sorsoch-za-4-chetverty-2022-2023-uchebnogo-goda>

2021-2022 оқу жылдарындағы ТЖБ, БЖБ кестесі:

1тоқсан <https://sc0017.kokshetau.aqmoedu.kz/content/6143-14-10-21-17-10-54-sor-i-soch-2021-2022>

2тоқсан <https://sc0017.kokshetau.aqmoedu.kz/content/grafik-sor-i-soch-2-chetverty>

3 тоқсан <https://sc0017.kokshetau.aqmoedu.kz/content/grafik-sor-i-soch-2021-2022-3-chetverty>

4 тоқсан <https://sc0017.kokshetau.aqmoedu.kz/content/grafik-provedeniya-sor-soch-na-iv-chetverty-2021-2022-uchebnogo-goda>

2023-2024 оқу жылына арналған «№19 жалпы білім беретін мектебі» КММ оқу-тәрбие жұмыс жоспарының құрылымы.

I Бөлім. 2022-2023 оқу жылының оқу-тәрбие жұмысын талдау.

1. Негізгі және орта білімнің тегін алуына бағытталған қызметінің талдауы.
2. Білім алушылардың оқу қызметін бағалау
3. Әдістемелік жұмыстың талдауы
4. Тәрбие жұмысының талдауы
5. Психологиялық қызметтің талдауы
6. Инклюзивті білім беру бойынша модельдік ресурстық орталығының жұмысын талдау.

II Бөлім. 2023-2024 оқу жылына арналған міндеттер мен басым бағыттар.

III Бөлім. Жалпы білімнің (бастауыш, негізгі, орта) алуына бағытталған, педагогикалық ұжымның ұйымдастыру қызметі

IV. Бөлім. Оқу-тәрбие үрдісінің басшылығы.

V. Бөлім. Мектептегі әдістемелік жұмыстың жоспары.

VI. Бөлім. Мектепшілік бақылаудың жоспары.

VII. Бөлім. Тәрбие жұмысының жоспары.

VIII. Бөлім. Психологиялық қызметтің жұмыс жоспары.

IX. Бөлім. Ақмола облысының (Көкшетау қаласы №19 ЖОББМ жанында) инклюзивті білім беру бойынша модельдік Ресурстық орталығының қызметтік жұмыс жоспары

Сканерлеу 2023-2024 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жоспарының көшірмелері қоса беріледі.

5. Тәрбие жұмысы

«Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі Көкшетау қаласының №19 ЖОББМ» КММ-ның 2021-2022 оқу жылындағы тәрбие жоспары негізінде атқарған жұмыстарының мәтіндік есебі

2021-2022 оқу жылында тәрбие жұмысы мектептің жылдық жұмыс жоспарына, тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес сегіз негізгі бағыт бойынша жүргізілді.

<https://cloud.mail.ru/public/G38C/hvaLSic3f>

Білім беру мекемесінің тәрбие жұмысының мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

Бұл мақсат бүкіл педагогикалық үрдісті қамтиды, келесі міндеттерді орындау арқылы оқушылардың оқу сабақтары мен сабақтан тыс өмірін, сабақтан тыс іс-әрекеттің түрлерін біріктіреді:

- жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты қалыптастыруға; жеке тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, олардың балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайындығына, мектептегі өзін-өзі басқару қызметін, көшбасшылықты, «Жас Ұлан» ББЖҰ қызметін дамыту;
- қазақстандық қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық қағидаттарын, оның моральдық қасиеттері мен ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал ету;

- тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына ықпал ету Тәрбие жұмысының бағыттары:
- Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие
- Рухани-адамгершілік тәрбие
- Ұлттық тәрбие
- Отбасылық тәрбие
- Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
- Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
- Зияткерлік тәрбие
- Дене тәрбиесі

2021-2022 оқу жылында құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде төмендегі жобалар басшылыққа алынады:

- ✓ «Оқуға құштар мектеп»;
- ✓ «Отбасы – орта- мектеп»;
- ✓ «Құқықтық сана – қауымға пана»;
- ✓ «Дебат» қозғалысы;
- ✓ Оқушылардың «Өзін-өзі басқару» ұйымы;

Тәрбие тұжырымдамасының негізгі 8 бағыттарына және жобалар бойынша жылдық жұмыс жоспары құрылып, төмендегідей іс-шаралар өткізілді.

Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу - мектептің тәрбие жұмысының негізгі бағыттарының бірі, оның мақсаты азаматтық-патриоттық сананы қалыптастыру, Отан тағдырына қатыстылық сезімін дамыту, өз елі үшін мақтаныш сезімін сақтау және дамыту болып табылады.

Жыл бойы педагогикалық ұжым осы бағыт бойынша үлкен жұмыс атқарды: Қазақстан Республикасының рәміздеріне деген құрмет тәрбиеленді (оқушылар мектеп жиындары мен дәстүрлі мерекелерде ҚР Мемлекеттік Әнұранын орындады, осы тақырып бойынша тақырыптық әңгімелер мен олимпиадаларға қатысты).

2021-2022 оқу жылының жалпы идеялық-мазмұндық күн тәртібінің іргетасы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы болды. Мерейтой аясында жалпымектептік іс-шаралар өткізілді, балалар түрлі конкурстарға қатысты. Желтоқсан мемлекеттік мерекелерге арналған іс-шаралармен атап өтілді: Тұңғыш Президент күні және Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы. Осы іс - шаралар аясында сынып сағаттары, «Дана басшы-мықты ел» Story time, мемлекеттік рәміздерді білу бойынша олимпиада, «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына салтанатты қабылдау, "Гүлдене бер, туған жерім- Қазақстан!" зияткерлік турнир, "Менің Қазақстаным" музыкалық шығармашылық конкурсы, ата-аналардың қатысуымен "Мен, сен, ол-біз салауатты елміз" көңілді жарыстар, "Екі жұлдыз" музыкалық конкурсы өткізілді.

Жыл сайын мектепте Ауғанстаннан әскерлерді шығару күніне арналған іс-шаралар өткізіледі. Осы естелік оқиғаның құрметіне 11" В " сыныбында интернационалист-жауынгерлермен кездесу өтті. Болат Тілеуғабылұлы Шәріпов, Жанатай Қожахметұлы Құсайынов оқушыларға Ауған соғысының тарихын, өз борыштарын ерлікпен орындаған,отандастар туралы айтып берді, қаза тапқан сарбаздарды еске алды.

Сәуір-мамыр азаматтық-патриоттық бағыттағы шараларға бай. "Чернобыль жаңғырығы" ерлік сабақтары, Ғарышкерлер күніне арналған іс-шаралар

өткізілді. Мамыр айында Отан қорғаушылар күні мен Жеңіс күніне арналған іс-шаралар жоспарланып, өткізілді.

Патриоттық тәрбие беруде мемлекеттік рәміздер ерекше орын алады. Мектепте Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін насихаттау, үгіттеу және дұрыс пайдалану мақсатында белгілі жұмыстар жүргізілуде. Мектептегі ресми іс-шараларда оқушылар әнұранды орындайды, түрлі зияткерлік ойындар өткізіліп тұрады: «Своя игра», «Тәуелсіз Қазақстан», т.б.

Педагогикалық ұжым оқушыларға мемлекеттік рәміздерді насихаттауда мақсатты жұмыстар жүргізеді. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерінің 30 жылдығына орай келесі іс-шаралар өткізілді: Мемлекеттік Әнұран орындалды, «Бірлік пен татулық рәміздері» атты дөңгелек үстел (пікірталас), «Рәміздер-рухымыз, ар ожданымыз», «Мемлекеттік рәміздер - сақтанышым» сурет байқауы ұйымдастырылды.

Жалпы, қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу бағыты сәтті жүзеге асырылды. Бұған мектептегі іс-шараларға қатысушылардың сандық көрсеткіштері мен өткізілген іс-шаралардың сапасы дәлел.

Құқықтық тәрбие

Мектепте оқу жылы барысында оқушыларға, мұғалімдерге, ата-аналарға құқықтық насихат жұмыстары мақсатты түрде жүргізілді. Құқықтық бағыттың мақсаты – жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқының алдын алу, сонымен қатар мектеп оқушыларының азаматтық белсенділігін тәрбиелеу және мектеп оқушыларының жеке тұлғасын дамыту.

Тәрбие нәтижесіне жету үшін жұмысқа полиция қызметкерлері тартылып, сынып сағаттары мен сабақтан тыс іс-шараларды өткізуге көмектесті.

Бекітілген жоспарға сәйкес іс-шаралар өткізілді: жол-көлік жарақатының алдын алу шаралары (жеке жоспар бойынша)

Сынып жетекшілері тақырыптық сынып сағаттарын өткізді «Қауіпсіздік ережелері: мектепте, үйде, көшеде, аулада, су жағасында, жолда, көлікте. Жедел қызметтердің телефон нөмірлері». «Мен және менің полицейім» акциясы барысында қызметкерлермен кездесулер ұйымдастырылды. Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша онкүндік пен «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» акциясын өткізу мектептің дәстүріне айналды. Барлық мазмұндық іс-әрекеттер тақырыптар мен оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болды. «Адал ұрпақ» клубының мүшелері сыныптан тыс іс-шаралар өткізді: “Адалдық дүкені”- тәрбие мекені” сынып сағаты, “Мемлекеттік қызмет өмірлік ұстаным”, “Адалдық жүрген жерде адамдық жүреді” тәрбие сағаты, “Адалдықты мұра еткен ұлы Абай”, адалдық сағаты, “Қазақстан-құқықтық мемлекет”, “Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі”.

Құқықтық тәртіп фракциясының мүшелері бірқатар іс-шаралар өткізді :

«Мемлекеттік жастар саясаты, өзге де нормативтік құқықтық актілер және мектептегі тәртіп ережелері туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын сақтау бойынша дөңгелек үстел, «Қазақстан – заң үстемдігі» тақырыбына суреттер байқауы, «Мемлекеттік қызмет өмірлік ұстаным ретінде» тақырыбына сынып сағаты, «Құқықтық құқық», «Құқықтық сана» тақырыбында тәрбие сағаты т.б.

Мектепте мектепшілік профилактикалық кеңес жұмысы ұйымдастырылды.

Рухани-адамгершілік тәрбие

Жыл бойы оқушылардың тұрақты адамгершілік ұстанымын қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар өткізілді. Адамгершілік құндылықтар жүйесінің

қалыптасуы кітап оқу процесінде жүреді. 2021-2022 оқу жылында білім алушылар арасында кітаптың беделін арттыру және қолдау мақсатында ("оқуға арналған сән") мектебімізде «оқитын мектеп» жобасы енгізілді. Жоба аясында "Мектепке кітап сыйла", "Отбасымызбен оқимыз" іс-шаралары, тақырыптық кітап көрмелері, "Ардагерге сыйлығым-соғыс туралы оқылған кітап" және т. б. іс-шаралар өткізілді.

Республикалық "Оқитын мектеп" жобасы аясында өткен "Жылдың үздік оқырманы" қалалық байқауында Мұратбекова Наргиз 8- сынып оқушылары арасында 1 орын алды.

Мұғалімдер күніне орай 1-11 сынып оқушылары мектептің Instagram парақшасында бейнероликтер жариялап, мұғалімдерін құттықтады. «Бұл менің ұстазым» тақырыбына суреттер көрмесі ұйымдастырылды, «Менің алғашқы ұстазым» тақырыбына шығарма жазды, «Ұстаз-ұлағатты есім» атты мерекелік концерт өтті.

Қарттар күніне орай оқушылар «Менің атам мен әжем» тақырыбында өз аталары мен әжелері туралы бейнероликтер жасады.

«Достық, инабаттылық, мейірімділік» тақырыбына әңгіме жүргізілді. Мектеп оқушылары жаңа жылдық іс-шараларға, Алғыс айту күніне, Халықаралық әйелдер күніне және т. б. арналған іс-шараларға белсенді қатысты.

Ұлттық тәрбие

Бұл бағыттағы жұмыстың мақсаты: жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, ана тілі мен мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасының этностары мен этникалық топтарының мәдениетін құрметтеуге бағдарлау.

Тәрбие жоспарына сәйкес келесі іс-шаралар өткізілді:

тақырыптық сынып сағаттары, тілдер апталығы; дөңгелек үстелдер; әңгімелесулер; шығармалар мен суреттер конкурсы; терроризмге қарсы күреске арналған және басқа да тақырыпта фильмдер көрсетілді.

Көкшетау қаласының 200 жылдығы мен Қазақстандағы балалар жылын мерекелеу аясында №19 ЖББМ 55 оқушысы Көкшетау қаласының білім бөлімі мен қалалық мұражай бірлесіп ұйымдастырған жаяу экскурсияға қатысты.

Отбасылық тәрбие

Ата-аналармен жұмыс және ата-аналарды мектепте бірлескен жұмысқа тарту мектептің тәрбие жұмысының басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Сондықтан мектептің әлеуметтік педагогімен, педагог-психологімен бірлесіп ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды, онда ата-аналардың жалпы оқуының әртүрлі мәселелері қаралды, мектеп пен ата-аналардың көмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, интернетке тәуелділіктің, суицидтің алдын алу, 9 және 11-сынып түлектерін мемлекеттік қорытынды аттестаттауға дайындау ерекшеліктері туралы бірлескен жұмысына ерекше назар аударылды.

Әр сыныпта ата-аналар комитеті жұмыс істейді, оның мүшелері ұйымдастыру мәселелері бойынша сынып жетекшісіне көмек көрсетеді. Жалпы мектептік ата-аналар комитеті жұмыс істейді. Жалпы мектептік ата-аналар комитетінің төрағасы - Умарова Анар Куатовна. Ата - аналар жиналыстарынан басқа мектепте пән мұғалімдері ата-аналар үшін жеке кеңестер өткізеді. Ата-аналар сынып жетекшілеріне сыныптардағы іс-шараларды ұйымдастыруға көмектеседі, балалармен бірге мектеп, қалалық жарыстарға дайындық жұмыстарына қатысады.

2021-2022 оқу жылы ішінде 5 ата-аналар жиналысы өткізілді.
1-11 сыныптарда ата-аналар жиналысы мына тақырыптарда өткізілді:
«2021-2022 жылдары оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың ерекшеліктері»;
"Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу";
"Балалардың қауіпсіздігі және мектептің ішкі тәртіп ережесі";
"Бала тәрбиесіндегі отбасының рөлі";
"Отбасы өмірінің атмосферасы баланың физикалық және психикалық денсаулығының факторы ретінде";
"Баланы тәрбиелеу мен әлеуметтендірудегі отбасы мен мектеп міндеттерінің ерекшеліктері";
"Отбасы және мектеп. Балалардың жазғы демалысы мен бос уақытын ұйымдастыру. Білім алушылардың қауіпсіздігі";
"Мектептің, оқушылардың, ата-аналардың ынтымақтастығын арттыру" және т. б.

24 наурыз күні бастауыш буында, 28 наурыз күні орта және жоғары буында "Ашық есік күні" өтті. Жиналысқа сынып жетекшілері, пән мұғалімдері, арнайы сынып жиналысына педагог-психолог, дефектолог, логопед мамандары қатысты. Жиналыс барысында әрбір ата-ана пән мұғалімдерімен және сынып жетекшілерімен бетпе-бет кездесіп, өз сұрақтарына жауап ала алды.

Ата-аналар комитеттерінің төрағаларымен ата-аналар жиналыстары өткізілді, онда келесі мәселелер қаралды:

"Мен - жасөспірімнің ата-анасымын. Жасөспіріммен қалай сөйлесуге және одан қандай ләззат алуға болады";

"Кәмелетке толмағандар мен олардың ата-аналарының құқық бұзушылық үшін жауаптылығы" және т. б.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мектепте "Кәсіби бағдарлау" стенді рәсімделді, онда Көкшетау қаласының, ҚР оқу орындары және оларға қабылдау шарттары туралы ақпарат орналастырылды, сондай-ақ мектептің ресми сайтында біздің мектептің 9, 11-сынып түлектері оқуын қайда жалғастыра алатыны туралы ақпарат орналастырылады.

"Экология және еңбек" фракциясының мүшелері оқу жылы барысында бірқатар іс-шаралар өткізді: "Қазақстан-біздің ортақ үйіміз" сыныптан тыс іс-шара, "Қыс көріністері" суреттер байқауы және т. б.

"Саябақтар шеруі" табиғатты қорғау акциясы аясында өткізілген суреттер байқауында Шаяхметова Айнұр, Темірхан Нұрсәт 3-орынды иеленді, Меңдіхан Даяна белсенді қатысқаны үшін Құрмет грамотасымен марапатталды.

Габдулина Аруна (1" Г"), Шаймерден Диар (1" В") қалалық "Пластикалық бөтелкенің екінші өмірі" байқауында жүлделі 3 орын алды. Сынып жетекшілері: Алиаскарова Ж. А., Сафурина Г. А.

Зияткерлік тәрбие

Оқу жылы барысында осы бағытты жүзеге асыру барысында тақырыптық сыныптан тыс іс-шаралар, пән апталықтары, элективті курстар, үйірмелер өткізілді. Пәндік апталар аясында викториналар, олимпиадалар, турнирлер, дөңгелек үстелдер және басқа да іс-шаралар өткізілді.

2021-2022 оқу жылында мектепте "Болашақ"дебат клубы ұйымдастырылды. Клуб мүшелері 9-11 сынып оқушылары. Тақырыптық-күнтізбелік жоспар құрастырылды. "Уақыт машинасы бар әлем" тақырыбында ойын өткізді .

Пікірсайыс үйірмесінің сабақтарында "Кедейлік – бұл таңдау...", "100 жылда бір рет туылған ерекше адамдар" тақырыбында пікірталастары өткізілді.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған қалалық дебат турнирінде біздің мектептің "Болашақ" командасы 1 орынға ие болды. Кибербулингтің алдын алу мақсатында педагог - психологтар ата-аналарға "Интернеттегі баланың қауіпсіздігі", "Балаға заманауи технологиялар әлемінде ыңғайлы болуға көмектесіңіз", "Анимациялық мультфильмдердің жасөспірімдер психикасына әсері" және т. б. ұсыныстар берді.

Мектеп деңгейінде келесі конкурстар өткізілді:

"Менің Қазақстаным" балалар музыкалық шығармашылық байқауы.

"Менің Отаным – Қазақстан", күздің барлық бояулары", "бұл менің ұстазым",

"Отбасыммен біргемін" сурет байқаулары.

"Екі жұлдыз" музыкалық байқауы.

Мемлекеттік рәміздерді білу олимпиадасы.

"Менің бірінші ұстазым" эссе байқауы.

"Ұстаз-мақтанышты есімге!».

"Менің сүйікті отбасым" бейнероликтер байқауы.

"Анам, әкем, мен" отбасылық-спорттық жарыстар және т. б.

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Барлық жалпы мектептік істер, мерекелер, байқаулар, ойындар тиісті деңгейде өткізілді. Бізде дәстүрлі мерекелер жақсы өтеді:

- Білім күні
- Мұғалімдер күні мен Қарттар күніне арналған концерттер
- Күзгі доп
- Тәуелсіздік Күні
- Жаңа жылдық мерекелер
- 8 наурыз
- Наурыз Мейрамы
- Қазақстан Халықтарының Бірлігі күні
- 9 мамыр – Жеңіс күні
- Соңғы қоңырау
- Бітіру кеші

Жыл бойы мерекелерге арналған сурет байқаулары өткізілді.

Театрларға экукурсия, мұражайларға бару оқушылардың көркемдік-эстетикалық дамуына, көркем мәдениеттің қалыптасуына ықпал етті.

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Осы бағыт шеңберінде

зиянды заттарды қолданудың алдын алу бойынша;

ЖРВИ және тұмаудың алдын алу бойынша;

туберкулездің алдын алу бойынша;

балалар жарақатының алдын алу бойынша;

ұтымды тамақтану бойынша;

жарақаттанудың алдын алу бойынша;

темекі шегудің алдын алу бойынша іс-шаралар өткізілді.

Оқу жылы бойы оқушылармен профилактикалық іс – шаралар, тренингтер-жаттығулар, сынып сағаттары, әңгімелесулер, дәрістер өткізілді.

Ағымдағы оқу жылындағы тәрбие жұмысын қорытындылай келе, мектептің педагогикалық ұжымы белгіленген жоспарларды барынша жүзеге асыруға, олардың алдына қойылған міндеттерді шешуге тырысқанын атап өткен жөн.

Алайда:

- сынып сағаттарының әлеуеті толық пайдаланылмайды;
 - кейбір мектеп оқушыларының тәртіп деңгейі төмен.
- Осы проблемаларға сүйене отырып, біз келесі шешу жолдарын анықтадық:
- Білім алушылардың бойында азаматтық-патриоттық сананы, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру жөніндегі жұмысты жалғастыру;
 - Адамгершілік құндылықтар мен жетекші өмірлік бағдарларды қалыптастыру үшін жағдай жасауды жалғастыру;
 - Әлеуметтік педагогтарға, педагог - психологтарға қолайсыз отбасыларды анықтау, әлеуметтік қауіпті жағдайдағы отбасыларды мектепшілік есепке қою жөніндегі жұмысты жалғастыру, коммуникативтік дағдыларды дамыту, жанжалсыз қарым-қатынас әдістерін қалыптастыру, білім алушыларға қабілеттеріне, бейімділіктеріне, мүдделеріне, денсаулық жағдайына қарай өз мүмкіндіктерін анықтауға көмек көрсету;
 - Сынып жетекшілерінің әдістемелік қызметін жандандыру;
 - Тәрбие жұмысын жоспарлау кезінде сынып жетекшілері тәрбие жұмысының түрлі формаларын кеңінен қолдануы қажет;
 - Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылық пен қадағалаусыздықтың алдын алу бойынша жұмысты жалғастыру, "тәуекел" тобының балаларын мектеп өміріне, сыныпқа, үйірмелер, секциялар қатысуға барынша тарту;
 - Тәлімгерге оқушылардың шығармашылық белсенділігін қолдау; оқушылардың өзін-өзі басқаруын жандандыру.
 - Мектеп кітапханасының жұмысын жетілдіру;
 - Оқушылардың сыныптан тыс жұмыстарға қызығушылығын арттыру.

**«Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша
білім бөлімі Көкшетау қаласының №19 ЖОББМ» КММ-ның 2022-2023 оқу
жылындағы тәрбие жоспары негізінде атқарған жұмыстарының
мәтіндік есебі**

<https://cloud.mail.ru/public/8xMH/WMWw1iMTG>

2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысы мектептің жылдық жұмыс жоспарына сәйкес, тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес сегіз негізгі бағыт бойынша жүргізілді.

Олар:

- Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие
- Рухани-адамгершілік тәрбие
- Ұлттық тәрбие
- Отбасылық тәрбие
- Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
- Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
- Зияткерлік тәрбие
- Дене тәрбиесі

Білім беру мекемесінің тәрбие жұмысының мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны

тәрбиелеу.

Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу

Биыл 25 қазанда еліміздің ұлттық мерекесі мәртебесінде алғаш рет республика күні аталып өтті. Мектепте "Бейбіт елдің көк байрағы" тақырыбында сынып сағаттары, "Туған елім, туған жерім - Қазақстан" суреттер байқауы, "Тәуелсіздік елім-Қазақстан" эссе байқауы, басткетболдан жарыстар, "Тарих беттері бойынша" викторинасы, 3-4 сыныптарда "Қыран елім-Қазақстаным!" мәнерлеп оқу байқауы, «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» бірыңғай балалар-жасөспірімдер ұйымы" республикалық қоғамдық ұйымының қатарына салтанатты қабылдау, "Патриотизм дауысы" акциясы аясында - Мемлекеттік Гимнді жаппай орындау, қлданбалы өнер көрмелері, кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауын талқылау бойынша іс-шаралар шеңберінде тарих пәнінің мұғалімі З. А. Байсалбаев «Жаңа Жолдау-жаңа мүмкіндіктер» атты ақпараттық сағат өткізді, тарих пәнінің мұғалімі И. А. Бұхарбаева "Біз-халқымыздың тәуелсіздік жолындағы ғасырлар бойғы тілектеріне жеткен ұрпақпыз" тақырыбында танымдық сағат өткізді. Мектеп оқушылары мен мұғалімдері "Дәстүр мен ғұрып" жобасы аясында қазақ ұлттық киімдерін танымал ету челленджіне қатысты .

9 «Е» (Омарова Г.Ж.), 9 «Ж» (Боранбаева М. А.) сынып оқушылары Ауған соғысының ардагерлерімен кездесу өткізді. "Ауғанның от жалыны" атты сынып сағаттары өткізілді, 10 "В" (Қырқасева Г.А.) сыныбында интернационалист-жауынгерлермен кездесу өтті.

Д. Қонаевтың 110 жылдығына орай "Аңыз адам " тақырыбында іс-шаралар өткізілді.

Ұлттық валюта-Теңге күніне орай "Теңге-Қазақстанның үміті мен өмірінің символы" тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

ҰОс Жеңіс күніне және Отан қорғаушылар күніне орай бірқатар іс-шаралар өткізілді: "Ешкім ұмытылмайды, ештеңе ұмытылмайды" тақырыбында сынып сағаттары, 1-4 сынып оқушылары арасында суреттер көрмесі, әскери тақырыптағы фильмдерді көру және талқылау, "Ал, кәнеки, жігіттер!" конкурсы, «Тәуелсіздік елінің ұландары» викторинасы, "Ұранды елдің ұрпағы қайсар" мерекелік концерті, "Жеңіс лентасы" жалпы республикалық челленджі, 7- сынып оқушылары арасындағы спорттық жарыстар, "Еркін ел ұрпағы" жалпы республикалық патриоттық диктанты. Кеңес Одағының Батыры Мұса Жалилдің ескерткіші жанында "Біздің есімізде! Дәуірмен Диалог..." атты қалалық іс - шара өтті.

Мектепте оқу жылы барысында оқушыларға, мұғалімдерге, ата-аналарға **құқықтық насихат** жұмыстары мақсатты түрде жүргізілді.

Сынып жетекшілері "Қауіпсіздік ережелері: мектепте, үйде, көшеде, аулада, судың жанында, жолда, көлікте", "Абайлаңыз: су тасқыны!", "Абайлаңыз: Кенелер!", "Абайлаңыз пиротехника" және т. б. тақырыптық сынып сағаттарын өткізді.

28 қыркүйек, 12 мамыр күндері объектіде террористік акт қаупі туындаған жағдайда қызметкерлер мен оқушыларды эвакуациялау бойынша оқу-жаттығу сабақтары өткізілді.

Жыл бойы мектепте ЖКО алдын алу бойынша іс-шаралар өткізілді. 2-сыныпта Ж. А. Алиаскарова "Сіздің досыңыз-бағдаршам", "Жол ережесін сақта" атты сынып сағаттары, "Жол қауіпсіздігі" тақырыбында профилактикалық дәріс өткізілді.

Мектептің сайтында және Instagram парақшасында жол қозғалысы ережелері бойынша жадынамалар тұрақты түрде жарияланды. Жас қозғалыс инспекторларының командасы биылғы жылы ЖЖИ-нің 50 жылдығына арналған Жас жол инспекторларының жыл сайынғы слетіне қатысты.

8-20 қараша аралығында "Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" ақпараттық науқаны өтті. Сыныптарда "Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" сынып сағаттары өткізілді, оқушылар "Әрқашан күн сөнбесін" суреттер көрмесіне қатысты, "Балаларға зорлық-зомбылық және қатыгездік" тақырыбында пікірсайыс өткізілді.

"Сыбайлас жемқорлықсыз ел – гүлденген ел" танымдық сағаты, "Мен сыбайлас жемқорлыққа қарсымын" суреттер байқауы, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес" іскерлік ойыны өткізілді. "Балалардың құқықтарын қорғау" тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.

Жастар арасында "Редан" ПМК субмәдениетін насихаттауға, оған кәмелетке толмағандарды жаппай тартуға және рұқсат етілмеген бұқаралық іс-шараларды өткізуге байланысты 8-11 сынып оқушыларымен "Жасөспірімдерді "Редан" ПМК бейресми жастар қозғалысына тартуға және олардың құқыққа қайшы әрекеттер жасауына жол бермеу туралы" профилактикалық әңгімелер өткізілді.

Жыл бойы оқушылармен және отбасылармен құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыс жүргізілді: қолайсыз, проблемалы отбасылар анықталды, осы отбасыларға, балаларға арналған картотека жүргізілді, пәтерлерге барды, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар актілерін жасады, балаларды тәрбиелеуден жалтарған ата-аналармен жұмыс жүргізілді.

23 қыркүйекте біздің қаламыздың СОБР қызметкерлері жаттығулар өткізді. Әлеуметтік педагог "VIAMEDIAS" ЖШС емханасы жанындағы СӨС орталығының медицина қызметкерлерімен бірлесіп 8-11 сынып оқушыларына "Ерте жүктіліктің алдын алу" тақырыбында дәріс өткізді.

Ақмола облысы ПД есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының аға жедел уәкілі полиция подполковнигі Разия Талғатқызы Курсанова жоғары сынып оқушыларымен «Есірткі, психотроптық заттарды және олардың аналогтарын қолданудың салдары» тақырыбында профилактикалық әңгіме өткізді.

Рухани-адамгершілік тәрбие

Сынып жетекшілері білім алушылардың тұрақты адамгершілік ұстанымын қалыптастыруға бағытталған сынып сағаттарын өткізді, А.Байтұрсыновтың 150 жылдығына арналған челлендж, Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығына арналған "Менің тілім-менің мақтанышым" танымдық сағаты өткізілді. 10 "Г" сынып оқушылары белгілі қазақ ақыны Сәкен Сейфуллиннің шығармашылығына арналған бейнероликтер дайындады.

Адамгершілік құндылықтар жүйесінің қалыптасуы кітап оқу процесінде жүреді. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында "Отбасымызбен оқимыз" іс-шаралары өткізілді, 5 "Б" сынып оқушыларының қатысуымен Бердібек Соқпақбаевтың "Менің атым Қожа" шығармасы бойынша пікірталас өтті. Оқуға деген қызығушылықты арттыру мақсатында "Буккроссинг-кітап алмасу" күні өткізілді. Үлкен үзілістерде 4-7 сынып оқушыларымен "Кітапханалық жұмбақ", "Өзің оқы да, өзгеге сыйла" танымдық іс-шаралары өтті. Жыл бойы тақырыптық кітап көрмелері өткізілді және т. б. 7 "Б" сынып оқушылары Жамбыл Жабаевқа арналған "Ғасырға тең ғұмыр" буктрейлерін дайындады.

Мұғалімдер күніне орай 5-11 сыныптарда "Дублер күні" өткізілді. Мектептің өзін-өзі басқару фракциясының мүшелері мұғалімдерге арналған "Ұстаз-ұлағатты ұлы есім" атты мерекелік концерт ұйымдастырды. 3-7 қазан аралығында 1-11 сыныптарда "Қарттарым-асыл қазынам" тақырыбында сынып сағаттары өтті, 5-6 сынып оқушылары арасында "Менің сүйікті ата-әжем", "Менің әжемнің портреті" тақырыбында суреттер байқауы өткізілді.

Мектеп оқушылары жаңа жылдық іс-шараларға, Алғыс айту күніне, Халықаралық әйелдер күніне және т.б. іс-шараларға белсенді қатысты. Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай сәндік - қолданбалы, көркем өнер көрмесі ұйымдастырылып, "Ұлттық ойындар күні" өтті. Біздің мектеп өзбек этносының өнерін көрсетті. Жаңа жыл қарсаңында мектептің өзін-өзі басқару мүшелері "Аялау", "Шанс" орталықтарына барып, жаңа жылдық тәтті сыйлықтарды сыйға тартты.

Ұлттық тәрбие

Наурыз мерекесіне арналған іс-шаралар аясында "Наурыз-думан" сынып сағаттары өтті. Барлық сыныптарда "Қош келдің, Әз Наурыз" мерекелік іс-шаралары өткізілді, "«Атадан қалған ұлы мұра" қойылымдары, "Наурыз-Ұлыстың ұлы күні" суреттер байқауы ұйымдастырылды. Дене шынықтыру мұғалімдері арқан тарту, асық ату, бес асық, тоғызқұмалақ бойынша ұлттық ойындар өткізді мектеп оқушылары Наурыз мерекесі қарсаңында өткен "Күй күмбірі" республикалық домбырашылар челленджіне қатысты. 10 «В» сынып оқушылары "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы аясында Ежелгі Түркістан қаласына "Түркістан - тарих бесігі" көшпелі экскурсиясының қатысушылары болды. «Асыл ару» клубының мүшелері «Елдің көркі – бұрымды қыз» атты байқау ұйымдастырды.

Отбасылық тәрбие

Әр сыныпта ата-аналар комитеті жұмыс істейді, оның мүшелері ұйымдастыру мәселелері бойынша сынып жетекшісіне көмек көрсетеді. Ата - аналар жиналыстарынан басқа мектепте пән мұғалімдері ата-аналар үшін жеке кеңестер өткізеді. Ата-аналар сынып жетекшілеріне сыныптардағы іс-шараларды ұйымдастыруға көмектеседі, балалармен бірге мектеп, қалалық жарыстарға дайындық жұмыстарына қатысады.

Ата-аналарға арналған Академия өз жұмысын бастады. 2022-2023 оқу жылы ішінде 5 ата-аналар жиналысы өткізілді.

05.04.2023 ж. өткізілген жалпы мектептік ата-аналар жиналысына Ақмола облысының кәметке толмағандар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы Дариға Қазбекқызы Оспанова, Қазақстан халықтары Ассамблеясы жанындағы Аналар кеңесі төрағасының орынбасары Айнұр Құрманбайқызы Жахина қатысты.

Отбасы күніне орай түрлі іс-шаралар өткізілді. Олар: "Бақытты отбасы-бақытты бала" сынып сағаттары, "Отбасылық құндылықтар" челленджі, "Менің отбасым" тақырыбындағы суреттер көрмесі

Оқу жылы ішінде ата-аналармен бірлесіп спорттық іс-шаралар өткізілді. Олар: "Толағай" отбасылық эстафетасы (ата-аналар мен 6 сынып оқушылары қатысты); "Қыс қызы" отбасылық эстафетасы (5 сынып оқушылары мен олардың ата-аналары қатысты), 1 сынып оқушылары мен ата-аналардың қатысуымен көңілді старттар.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

"Экология және еңбек "фракциясының мүшелері оқу жылы ішінде бірқатар іс-шаралар өткізді:" Қазақстан-біздің ортақ үйіміз" сыныптан тыс іс-шарасы," Зимушка-зима" суреттер байқауы, қалдықтардан жасалған қолөнер көрмесі," Наурыз-жыл басы", сенбілікке қатысты."Қоршаған ортаны ластау"сынып сағаты өткізілді. Халықаралық құстар күніне орай 1-4 сынып оқушылары "Құстар үйі" акциясына қатысты. Ата-аналар балалармен құстар үйлерін жасап, мектеп аумағындағы ағаштарға ілді. "Тоғыз ай - 9 іс-шара" тұжырымдамасы аясында 11 сынып оқушылары "Жасыл мекен" челленджіне қатысты . Акция барысында үйеңкінің 100 көшеті, қарағайдың 10 көшеті отырғызылды.

"Туған жер" жобасы аясында А. Н. Уразова 7 сынып оқушылары арасында "Ғажайыптарға толы табиғат жұмбақтары" тақырыбында экологиялық викторина өткізді.

Ақмола облысының экология департаменті облыстық ғылыми жобалар конкурсын өткізді. 9 "А " сынып оқушылары Құсайынова Мадина, Баяхина Аружан жүлделі 3 орынға ие болды. Біздің мектептің еріктілер жасағы мектеп парламенті өкілдерінің бастамасымен "Қарлы десант" акциясына белсенді қатысты.

Зияткерлік тәрбие

Оқу жылы барысында осы бағытты жүзеге асыру барысында тақырыптық сыныптан тыс іс-шаралар, пән апталықтары, элективті курстар, үйірмелер өткізілді. Пәндік апталар аясында викториналар, олимпиадалар, турнирлер, дөңгелек үстелдер және басқа да іс-шаралар өткізілді. Демалыс кезінде сынып жетекшілері мен пән мұғалімдері оқушылармен түрлі әңгімелер, конкурстар, зияткерлік ойындар өткізді. "Болашақ" дебат клубы «Қазіргі жастар тәрбиесі» , «Білім артық па, байлық артық па?», «Қазақстанның жастары патриот па?» деген тақырыптарда дебат өткізді.

Біздің мектептің оқушылары "Біздің мектеп буллингке қарсы" жалпы республикалық челленджіне қатысты. Мектептің педагог-психологтары "Буллинг және оның салдары" жадынамаларын дайындады. 31 сынып жетекшісі жалпы білім беру саласында буллинктің алдын алу бойынша "Буллинг-себептері, нысандары, алдын алу"тақырыбында біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

Мектеп оқушылары "Шахмат ойыны" республикалық челленджіне қатысты.

Мектеп деңгейінде келесі байқаулар өткізілді:

"Менің Отаным –Қазақстан" сурет байқаулары, күздің барлық бояулары", "бұл менің ұстазым", "Отбасыммен біргемін", "Айгөлек" музыкалық байқауы, "Атадан қалған ұлы мұра" көрмесі, мемлекеттік рәміздерді білуге арналған викторина, шығармалар , өлеңдер , бейнероликтер байқауы отбасылық-спорттық жарыстар және т. б.

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Барлық жалпымектептік істер, мерекелер, байқаулар, ойындар тиісті деңгейде өткізілді. Бізде дәстүрлі мерекелер өтеді:

- Білім күні
- Мұғалімдер күні мен Қарттар күніне арналған концерттер
- Күзгі доп
- Тәуелсіздік Күні
- Жаңа жылдық мерекелер
- 8 наурыз
- Наурыз Мейрамы
- Қазақстан Халықтарының Бірлігі күні

- 9 мамыр – Жеңіс күні
- Соңғы қоңырау
- Бітіру кеші т.б.

1 қыркүйекте барлық сыныптарда "Мереке құтты болсын, менің сүйікті сыныбым" сынып сағаттары өтті .

Жыл бойы мерекелерге арналған сурет байқаулары өткізілді.

Театрларға экукурсия, мұражайларға бару оқушылардың көркемдік-эстетикалық дамуына, көркем мәдениеттің қалыптасуына ықпал етті.

Оқу жылы барысында мектеп оқушылары Ақмола облысытық өлкетану мұражайына, М.Ғабдуллин ат. Музейге, әдебиет және өнер мұражайы, тетарларға экскурсия жасады.

27 қазанда 9-11 сынып оқушылары үшін мектептің өзін-өзі басқару мүшелері дайындаған "90-шы жылдардағы күзгі бал" өтті.

23 қарашада мектеп Өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері "Айгөлек" ән байқауын ұйымдастырды. Роза Бағланованың 100 жылдығына орай музыка мұғалімі А.Т. Курманкулова "Қазақтың қаһарман қызы -Роза Бағланова" танымдық сабағын, музыка мұғалімі С. Т. Жексенбаева "Ғасыр әншісі - Роза Бағланова" атты сыныптан тыс іс-шара өткізді.

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Осы бағыт аясында іс-шаралар өткізілді:

зиянды заттарды қолданудың алдын алу;

ЖРВИ және тұмаудың алдын алу;

туберкулездің алдын алу;

балалар жарақатының алдын алу;

рационалды тамақтану;

жарақаттанудың алдын алу;

темекі шегудің алдын алу.

Мектеп психологтары О. А. Маймескулова, Д.Т. Кенжебаева салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында 7-9 сынып оқушыларына "ЖИТС есімді апат туралы" психологиялық сағат өткізді. Сынып жетекшілері "ЖИТС-ғасыр ауруы", "Біздің таңдауымыз-СӨС" сынып сағаттарын, "Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз" суреттер байқауын өткізді.

"Есірткі-ғасыр ауруы", "Темекінің зияны" тақырыбында сынып сағаттары өтті.

Оқу жылы бойы оқушылармен профилактикалық іс – шаралар, тренингтер-жаттығулар, сынып сағаттары, әңгімелесулер, дәрістер өткізілді.

5-6 сынып оқушылары арасында "Біз спортшы боламыз" атты спорттық жарыстар өтті, 1-4 сынып оқушылары "Салауатты өмір-көтеріңкі көңіл" іс-шараларына қатысты, қысқы каникул кезінде 1- сынып оқушыларына ата-аналардың қатысуымен "Жүзден жүйрік" эстафетасы өткізілді. СӨС-ке оң көзқарасты қалыптастыру мақсатында дене шынықтыру мұғалімдері 5- сынып оқушылары мен ата-аналар арасында "Қыс қызығы" отбасылық эстафетасын өткізді.

ҚР "Қызыл Жарты Ай қоғамы" ҚБ Ақмола облыстық филиалының директоры Асхат Уайсов семинар ұйымдастырып, қатысушыларға адам өмірін сақтап қалуға бағытталған іс-шаралар көрсетті.

Қоғамдық ортадағы террористік және экстремистік көріністерге қарсы күресте олардың алдын алу басты болып табылады. Осы мақсатта мектепте оқушылардың

өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шараларды күшейту туралы бұйрық шығарылды. Білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі Нұсқаулық әзірленді. Нұсқаулықпен мектептің барлық қызметкерлері танысты. Қосымша кешенді қауіпсіздікті, қауіп-қатер туындаған немесе террористік актілер жасалған жағдайда іс-қимыл тәртібін қамтамасыз ету мәселелері бойынша нұсқаулықтар жүргізілді.

Мектеп аумағында және мектеп ғимаратында бөгде адамдардың болуына үнемі бақылау жүргізіледі. Мектеп әкімшілігі өту режимін ұйымдастырды: мектепке келетін барлық азаматтар арнайы журналдарда тіркеледі, онда адам (келушінің жеке басын куәландыратын құжатты көрсете отырып), келу мақсаты мен уақыты көрсетіледі. Мектеп аумағына көліктің рұқсатсыз өтуіне жол бермеу бойынша бақылау жүзеге асырылады.

«Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі Көкшетау қаласының №19 ЖОББМ» КММ-ның 2023-2024 оқу жылындағы тәрбие жоспары негізінде атқарған жұмыстарының мәтіндік есебі

<https://cloud.mail.ru/public/FEDi/9yLByJK98>

2023 -2024 оқу жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығы мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2023-2024 оқу жылына арналған кешенді жоспары негізінде жасалған тәрбиенің жылдық жоспары жасалып, бекітілді. Мектептің тәрбие жұмысы «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша 3 құндылық негізінде жүзеге асырылды.

Тәрбие жұмысының тақырыбы: Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Бүгінгі өскелең ұрпақ тәрбиесі еліміздің болашақтағы жарқын келбетін айшықтайды. Құндылық адамның өмірлік ұстанымына, таңдауына, шешім қабылдауына ұстын болатын көзқарастар жүйесін қалыптастыруға ықпал етеді, оның іс-әрекетін, мінез-құлқын анықтайды. Жүйелі жұмыс әр оқушыға жету, жеке ерекшеліктерді дамыту үшін жағдай жасау, оның таланты мен қалауына сәйкес өзі-өзі тану қажеттілігін қалыптастыру қажеттілігін қарастырады.

Мектепте 56 сынып, сәйкесінше өз міндеттеріне уақтылы кіріскен 56 сынып жетекші бар. Жыл басында (қыркүйек) оқушылар саны 1286 адамды құрады, екінші тоқсанның соңында – 1284. Барлық сынып жетекшілері тәрбие жұмысының әртүрлі әдістері мен формаларын қолданады, мысалы: тақырыптық сынып сағаттары, ұжымдық шығармашылық іс-шаралар, балалармен және ата-аналармен жеке әңгімелер, ата-аналар жиналыстары.

Осы мақсат-міндеттерді іске асыру үшін мектепте үш бағыт бойынша іс-шаралар өткізілді.

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ

Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл;

Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді;

Елдің тарихын құрметтейді;

Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді;

Құқықтық және экологиялық мәдениетті жоғары бағалайды.

1 қыркүйекте еліміздің барлық аймақтарында «Мектеп-мейірім мекені» тақырыбында салтанатты жиын және сынып сағаттары өтті. 1-11 сыныптар үшін салтанатты сап түзеу өткізілді. Тақпақ, ән айтылып, 11-сынып оқушылары 1-сынып оқушыларына алғашқы оқулықтары Әліппені табыстап, алғашқы сабаққа алғашқы қоңырау соғылып, сынып сағаты өткізілді. 1 сынып оқушылары алғашқы ұстаздарымен танысты.

Қазақтың біртуар тұлғасы М.Жұмабаевтың 130 жылдық мерейтойына арналған «Мағжан Жұмабаев – заманның заңғар тұлғасы» тақырыбында жалпықазақстандық ашық диктант өтті. Диктанттың мақсаты — Қазақстан халқын біріктіруші фактор ретінде мемлекеттік тілдің қоғамдағы рөлін нығайту. Диктант жазуға мектебіміздің оқушылары мен ұстаздары да қатысты.

20-27 қыркүйек аралығында Еңбек күніне орай «Менің жетістігім – менің нәтижем» тақырыбында сынып сағаттары, 5-сынып оқушылары арасында «Еңбек

бәрін жеңбек» тақырыбында шығарма жазу байқауы өтті, 2 «Г» сынып оқушылары еңбек әлеуеттерімен кездесті, 6 - сынып оқушылары Орталық балалар және жасөспірімдер кітапханасында ұйымдастырылған іс-шараға қатысты. Мақсаты: Оқушыларға бүгін де еңбек шешуші ұлттық фактор екенін ұғындыру және еліміз үшін еңбек етуге оқушыларды баулу, кәсіптік білім беру. Адам еңбегін бағалай білуге, еңбек адамдарын сыйлай білуге тәрбиелеу.

«ТӨРТ ТОҚСАН – ТӨРТ ӨНЕР» «Ақындар айтысы» жобасы бойынша көптеген іс-шаралар жоспарланып, өткізілді. Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Төрт тоқсан—төрт өнер» атты ұлттық мәдени-ағартушылық жобасының тұжырымдамасымен таныстыру жиыны өтті. Оқушыларға жобаның мақсат, міндеттері түсіндіріліп, әр тоқсанда өтетін өнер түрі туралы ақпарат берілді. Ұстаздар оқушыларға I тоқсанда өтетін “Ақындар айтысы” айлығының жоспарын таныстырып, іс-шараларға белсене атсалысуға шақырды.

https://www.instagram.com/reel/CxYRes7M4-7/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==

19 қыркүйек күні ақиық ақындарға арналған «Сөз зергері – өрнектеген өмірді» - атты портреттік кеш (ақиық ақындарға) өткізілді.

https://www.instagram.com/reel/CxcJ4CKoAot/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==

Біртұтас тәрбие бағдарламасының аясында ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында мектеп кітапханасында «Бізді ақылды ететін кітап-дана» атты кітаптар керуені ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/p/CxdFkhmsGTZ/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==

Қыркүйектің 21-і күні мектебімізде «Төрт тоқсан —төрт өнер» жобасының жоспарына сай «Жас өрендер» атты ақындарды іріктеу іс-шарасы өткізілді.

https://www.instagram.com/reel/CxdFtIcsMyX/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==

Аталмыш жобаның жоспарына сай мектебімізде іріктеу кезеңіне дайындық ретінде жас таланттармен жұмыс жасалды. Өткізген: Бекен Ж.А

https://www.instagram.com/reel/Cxfv0GIM96R/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==

Мектебімізде 26 қыркүйек күні «Қара сөздің жауһарлары» атты жас айтыскер ақындармен кездесу өтті. Кездесуге облыстық, республикалық айтыстардың жеңімпаздары Жақыпбек Нұрмахан Әріпжанұлы мен Жақсыбек Ерасыл Қалдарбекұлы келді. Қонақтарға арнап мектебіміздің оқушылары өз өлеңдерін оқып, ән айтты, әсем күй тартты. Оқушылар айтыскерлерге өз көкейлерінде туындаған сұрақтарын қойып, айтыс өнері туралы көптеген ақпараттар алды. Кеш соңында оқушылар айтыс тамашалап, ерекше әсерге бөленді. Кездесуді мектебіміздің қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімдері ұйымдастырды.

https://www.instagram.com/reel/CxqFCgHsqhX/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==

28 қыркүйек күні дарынды оқушыларымен «Шеберлік сыныбы» іс-шарасы өткізілді.

https://www.instagram.com/p/Cxx02CkMMcC/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==

2023 жылдың қыркүйек айының 25-і күні 11-сынып оқушыларымен осы

мәдени ағартушылық жоба аясында «Жаңа Қазақстанда ақындар айтысының дамуы» атты тақырыпта дебат өткізілді.

https://www.instagram.com/reel/CxnLY5SMMyEo/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==

Жоба жоспарына сәйкес «Домбырам, меніменен егіз бе едің?» тақырыбында домбыра аспабында ойнау (домбыра аспабын ұлықтау) күні болып өтті. Өткізген: Курманкулова А.Т.

https://www.instagram.com/p/CybSNsMMPbt/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==

«Төрт тоқсан - төрт өнер» ұлттық мәдени-ағартушылық жобасының аясында «І ТОҚСАН - АҚЫНДАР АЙТЫСЫ» іс-шаралар жоспарына сәйкес 9-11 сынып оқушылары Мәлік Ғабдуллин атындағы мұражайға саяхат жасап қайтты. Тұлғаның өмірбаяны мен атқарған қызметтерімен танысты.

https://www.instagram.com/reel/Cyc9_wgs0H8/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==

Мәдени ағартушылық жобасының жоспарына сәйкес 16 қазан күні «Ұлттық киім күні» өтті.

https://www.instagram.com/p/Cyd8fcwMblz/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==

«Төрт тоқсан- төрт өнер» ұлттық мәдени- ағартушылық жобасының аясында мұғалімдер күніне орай 8-сынып оқушыларынан ұстаздарға арналған арнау бейнематериалы жасалды.

[https://www.instagram.com/p/Cx64-](https://www.instagram.com/p/Cx64-SVIa0l/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==)

[SVIa0l/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/p/Cx64-SVIa0l/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==)

https://www.instagram.com/p/Cx65WkLIowu/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==

Қазақ халқының бай ұлттық мұрасы - ақындар айтысына оқушыларды баулу мақсатында жұмыстар жүргізілді. Нәтижесінде 11 «В» сынып Молдахмет Әділет пен 9 «В» сынып оқушысы Ұлан Мирас өз өнерлерін көпшілікке тарту етті. «Талаптан артық білуге» деп Абай атамыз айтқандай, айтыс өнерін үйренуге талаптанып жүрген Әділет пен Мирас тыңдаушыларын қуантты.

https://www.instagram.com/reel/CyzqlzfIkpe/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==

«Төрт тоқсан - төрт өнер» ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы аясында “Қазақ тілінің қазіргі жағдайы” тақырыбындағы жобаны 8 «Е» сынып оқушылары Ильяс Аяужан мен Сейтқожа Аружан таныстырды. Жобада тіл туралы ұсыныстар білдірілді және ақпараттар айтылды. Жоба мақсаты әр қазақ деп соққан ұрпақты өз тілінде сөйлеуге баулу, өз елінің патриоты болуға тәрбиелеу , тілдің қазіргі жағдайын талқылау болды. Тіл - ұлт тірегі екенін ұмытпай , өз ана тілімізде сөйлейік !

https://www.instagram.com/reel/CyNGOZsI2Zv/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==

Көкшетау қалалық үлгілі қазақ кітапханасында «Туған өлке» жобасы аясында Көкен Шәкейұлы атындағы ақындар мектебінің тәрбиеленушілерімен “Айтыс-өнер айнасы” атты кездесу кеші өтті. Кездесуге біздің мектебіміздің оқушылары да қатысты. Аталмыш кеште ақындық өнер туралы әңгіме өткізілді, ақындар мектебінің тәрбиеленушілері айтыстың түрлері туралы сөз қозғап, арнау, қыз бен жігіт айтысын

көрсетті.

Қазан айында «Қарттарым-асыл қазынам» атты қарттарға арналған мерекелік концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Мерекеге еңбек ардагерлері мен осы мектепте жұмыс істеген зейнеткер ұстаздар шақырылды. Мектеп оқушылары қарттарға өз өнерлерін көрсетті. Концерттің соңы мерекелік дастарханға ұласты. Мектептің кәсіподақ ұйымы қарттарға сыйлықтар тарту етті. Мектебіміздің еріктілер тобы концертке келе алмаған зейнеткер қарттарды құттықтап, үйлеріне барып, сыйлықтар сыйлады.

Ұрпақ тәрбиесі ұстазға байланысты. Ұстаздық ету – қызығы мен қиыншылығы қатар жүретін мамандықтардың бірі. Осынау бір мамандық иелеріне лайықты құрмет көрсету мақсатында «Ұстаздар күні» аталып өтеді. Биыл алғаш рет Ұстаздар күнін тойлау күні – 5 қазан болып бекітілді. Оқушылар ұстаздарды төл мерекелерімен құттықтап, бейнеқұттықтаулар жолдады, дублер күні ұйымдастырылды, «Күзгі гүлшоқтар фестивалі» өтті. 5 қазан күні ұстаздар күніне арналған концерттік бағдарлама болды. 11-сынып оқушылары ұстаздарды «Мектеп студиясына» шақырып, жақсы көңіл—күй сыйлады. 8-сынып оқушылары өз ұстаздарына арнауларын жолдады. Ұстаздардың төл мерекесінде болашақ ұрпақты тәрбиелеу ісінде жемісті еңбек етіп келе жатқан бір топ мұғалімдер білім басқармасының, қалалық білім бөлімінің, қалалық кәсіподақ комитетінің алғыс хаттарымен және құрмет грамоталарымен марапатталды.

Білім беру ұйымдарында "Мектеп парламенті" білім алушылардың өзін-өзі басқару ұйымының жылдық жоспарлары жасалып, бекітілді. Парламент мүшелері 1-тоқсанда іс-шараларды жоспар бойынша өткізді.

21.10.2023 мектепте өзін – өзі басқару ұйымы Президентінің сайлауы өтті. Сайлауға 8-10 сынып оқушылары арасынан 4 оқушы үміткер болып, өз бақтарын сынады. Олар: 8 «Е» сынып оқушысы Азбергенова Мөлдір, 9 «Г» сынып оқушысы Шолхан Дильназ, 10 «Д» сынып оқушысы Макишев Еркін, 10 «В» сынып оқушысы Баяхина Аружан. Дауыс беру қорытындысы бойынша өзін – өзі басқару ұйымының Президенті болып Баяхина Аружан сайланды. Фракция жетекшілері тағайындалды. Президентті ұлықтау рәсімі өтті.

Мемлекет басшысы 2022 жылғы 16 маусымда Ұлттық құрылтайда Республика күні мәртебесін қайтаруды және оны ұлттық мереке ретінде атап өтуді ұсынды. Ұлттық мерекеге орай мектебіміздің іс-шаралар жоспары бекітіліп, өткізілді. Оқушылар 25 қазан – Республика күніне арналған бейнеқұттықтаулар дайындады. Мектеп оқушыларымен «Әнұран орындау» челленджі, сынып сағаттары мен «Тәуелсіз ел ұрпақтары» атты мерекелік іс-шара, сурет байқауы, кітап көрмелері, дөңгелек үстел өткізілді. Еліміз егемендік алғалы жас ұрпақты өз халқының өнегесіне, әдет-ғұрпына сай тәрбиелеу күн тәртібінде өзекті мәселе болуда. Ата-бабаларымыздан келе жатқан ұлттық қолөнеріміз арқылы оқушыларды іскерлікке баулумен қатар, ұлттық қолөнер шеберлігінің ұрпақтан-ұрпаққа жеткен қайталанбас мұралары арқылы олардың эстетикалық талғамын қалыптастыруда ұстаздардың еңбектері зор. Осыған орай технология пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен "Атадан қалған асыл мұра" тақырыбында мектеп фойесінде қолөнер көрмесі ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушыларды ұлттық қолөнерді дәріптеу, іскерлікке, еңбекке баулу, ұқыптылыққа, шығармашылыққа тәрбиелеу. Көрмеде бейнелеу өнері, кестелеу, тоқу техникаларын қолданған шығармашылық жұмыстар ұсынылған. Мұнан бөлек ағаш және сүйектен жасалған бұйымдардың да көптеген

түрлері қойылды. Аталған іс-шара «Қолөнер шеберханасы» жобасы аясында ұйымдастырылды.

2023 жылғы 10 қараша күні теолог-маман Айтқожа Еркелды Ерболұлы 9-11 сынып оқушыларымен «Деструктивті діни ағымдардың жастарға кері әсер қаупі» тақырыбына дәріс оқыды. Іс-шара мектептің мәжіліс залында өтті, барлығы 104 оқушы қатысты.

Сыбайлас жемқорлықты болдырмау мен алдын алудың ең алғашқы нүктесі жастарды бала кезінен тәрбиелеу болып табылады. Мектебімізде «Адал ұрпақ» еріктілер клубы жұмыс істейді. Құрамында 10 оқушы бар. «Адалдық жүрген жерде адамдық жүреді» тақырыбына сынып сағаттары өткізілді. «Парасат» бұрышы безендірілді. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет туралы заң», "Оян, ар мен адалдық», «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз», «Саналы ұрпақ» тақырыбында сынып сағаттары өтті.

https://www.instagram.com/p/C0Ipf_otPz/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==3
https://www.instagram.com/reel/C0A-LNBojpS/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==

Отбасы құндылықтарын насихаттау бойынша 1 «Е» сыныбында “Отбасылық дәстүрлер” атты сынып сағаты өткізілді. Мектебіміздің спорт фракциясының мүшелері 4- сыныптар арасында ата-аналардың қатысуымен «Мен және менің отбасым» атты отбасылық спорттық сайысын ұйымдастырды.

«Есірткі қылмысының алдын алу» тақырыбында кездесу өтті. Іс-шара қонақтары Ақмола облысы прокуратурасының сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығын қадағалау және қылмыстық қудалау басқармасының облыс прокурорының көмекшісі Е.Д. Макушев пен Ақмола облысы прокуратурасының сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығын қадағалау және қылмыстық қудалау басқармасының аға прокуроры С. А. Бекенов сөз сөйледі.

Еліміздің қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайында жасөспірімдер арасында ерте жүктілік пен босанулардың саны жыл сайын артып келеді. Жоғары сынып оқушыларының қыздарымен «Жасөспірімдердегі ерте жүктіліктің проблемалары және оны алдын алу» тақырыбындағы әңгіме-дәріс өтті. Мақсаты: Неліктен бұл болып жатыр? Ерте жүктілік пен жас қыз үшін жыныстық белсенділіктің қауіптілігі қандай, ерте жаста жүктілікті қалай болдырмауға болады және жүкті болған болса не істеу керек? деген сұрақтарға жауап іздеу. Өткізген мейірбике: Нугыманова А.А.

Мектеп инспекторы 8-11 сынып оқушылары арасында бопсалаудың алдын алу бойынша анонимді сауалнама жүргізді.

15 қараша Қазақстанның ұлттық валютасы – теңгенің айналымға енгеніне 30 жыл толды. Ұлттық валюта күніне орай мектеп кітапханасында 4-сынып оқушыларының қатысуымен «Ұлттық теңге - тәуелсіз Қазақстанның айшығы» атты ақпарат сағаты өтті. Іс-шара барысында кітап көрмесімен таныстырылып, ұлттық теңгенің шығу тарихы, дизайны, сонымен қатар қолданыстағы теңгелер мен монеталар, мерейтойлық және ескерткіш монеталар туралы ақпарат берілді. Тарих пәнінің мұғалімдері М.У.Биржанова, И.А.Бухарбаева "Теңге – Қазақстанның экономикалық тәуелсіздігінің символы" атты танымдық викторина өткізді. Ұлттық валюта күніне арналған сынып сағаттары, 4-сынып оқушыларымен "Қазақстан Республикасының валюта күні" тақырыбы бойынша ойын-конкурс, 2 «Е»

сыныбында валюта күніне орай танымдық ойын өткізілді. 8 «Д» сынып оқушылары сынып жетекшісі Ж. Есмагуловамен Көкшетау қаласындағы облыстық тарихи-өлкетану мұражайына экскурсия жасады. Тарихи экспонаттарды тамашалап, теңгенің шығу тарихымен танысты. Метеп парламентінің мүшелері оқушылар арасында сауалнама жүргізіп, «Ақпарат» фракциясының мүшелері Ұлттық валюта күніне танымдық сағатын өткізді.

Мектебімізде Тәуелсіздік күні қарсаңында “Тоғыз айға - тоғыз іс-шара” жобасының жоспарына орай Республикалық “Шығарма жазу: Болашаққа хат” челленджі өтті. Мақсаты: білім алушыларға өзінің жеткен жетістіктері, болашақтағы жоспарлары мен болашағы туралы шығарма жазу.

https://www.instagram.com/reel/C0yr6A9sSMm/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C0yOmFOsAO-/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Оқушыларға Тәуелсіздіктің кімдердің қанымен, қандай ауыртпалықпен келгендігі жайлы айтып, ұлттық сезім, ұлттық мақтаныш, ұлттық сана, ұлттық парызды әрбір қазақ баласының бойына дарыту мақсатында “Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын”, “Ұлттық рух - Тәуелсіздік тірегі”, “Тәуелсіздік-тұғырым», “ Тәуелсіз елдің ұрпағымыз” атты сынып сағаттары өтті.

https://www.instagram.com/reel/C01DE43M0g3/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/C021idEopfW/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA=

https://www.instagram.com/p/C03zVqvs4vO/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C030mfFsQqS/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C04IWzGsDgS/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C04M5HKs76F/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/C04NC2ssrNA/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/C04RkkFsmqz/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C04Vms3swVU/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C05nXteodpW/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C05neZQIVxJ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C05oEFYoMS3/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C05s0b3oM2h/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Оқушылар 16 желтоқсан - Тәуелсіздік күніне арналған жыр арнауларын жолдады.

https://www.instagram.com/reel/C04H ttMGEj/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=

[MzRIODBiNWF1ZA==](https://www.instagram.com/reel/C04IDw2Meop/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==)

https://www.instagram.com/reel/C04IDw2Meop/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

[MzRIODBiNWF1ZA==](https://www.instagram.com/reel/C06SDrrsNP4/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==)

https://www.instagram.com/reel/C06SDrrsNP4/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

[MzRIODBiNWF1ZA==](https://www.instagram.com/reel/C06uPm6sGsX/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==)

https://www.instagram.com/reel/C06uPm6sGsX/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

Ауа райының қолайсыздығына байланысты 1В сынып оқушыларымен “Ұлттық рух- тәуелсіздік тірегі” атты онлайн сынып сағаты өтті.Сынып жетекшісі: Ануарбек З.М.

https://www.instagram.com/reel/C04IKgasVxC/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

АР-ҰЯТ:

Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;

Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;

Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;

Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

«Жолда жүру ережелерін білесің бе?» («Жеткіншектің жеті жарғысы») жобасын іске асыру негізінде мектебімізде түрлі іс-шаралар орын алды. 1 «В», 2 «Б», 2 «В», 2 «Г», 3 «А», 3 «В», 7 «В» сыныбында «Жол ережесін білеміз бе?», «Бағдаршам- сенің досың», «Жол тәртібін сақтайық», «Жолда жүру ережесі», «Абайлаңыз балалар» атты сынып сағаттары, 1 «Е»,1 «Д»,1 «Ж» сыныптарында «Жолда жүру ережесін сақтаймыз!» атты тәрбие сағаты өтті.

«Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» ақпараттық науқанына орай көптеген іс-шаралар жоспарланып өткізілді. Инстаграм парақшасында хабарландыру жарияланып, науқанның мақсаты туралы ақпарат берілді. Полиция Департаменті қызметкерлері мектебіміздің 10-11 сынып оқушыларымен кездесу өткізді. «Отбасы және бала тәрбиесі» тақырыбында ата-аналар жиналыстары, «Бақытты балалық шақ» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Зорлық-зомбылық пен қатыгездік мәселесі бойынша «Жазасыз тәрбиелеу», «Қатыгездіксіз балалық шақ», «Балалық шақтағы зорлық-зомбылыққа немқұрайлы қарамаңыз» атаулы жадынамалар инстаграм парақшасына жарияланды. Мектеп Парламенті мүшелерінің ұйымдастырылуымен балалар құқықтарын сақтау, өз құқықтарын сақтау мен міндеттерін жүзеге асыруға дайындық қабілеттілігін қалыптастыру, сөз шеберлігін, өз пікірін анық айттып дәлелдеме келтіру қабілеттілігін дамыту мақсатында «Бала құқығы мемлекет назарында» атты пікірсайыс, педагог-психологтер мен әлеуметтік педагогтің ұйымдастыруымен «Сен өз құқықтарыңды білесің бе?» атты викторина өткізілді. «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күндік белсенді әрекет» акциясы аясында отбасында, құрдастар арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша 11 “Б” сыныбында сынып сағаты өткізілді. 7-8 сынып оқушыларының қатысуымен “Бақытты отбасы-бақытты мемлекет” атты сурет байқауы өтті. Белсенділік танытқан оқушыларға мадақтамалар табыс етілді.

Мұғалімдер күніне орай 2023 жылдың 5 қазан күні күні № 19 жалпы орта білім беретін мектепте "ДУБЛЕР КҮНІ", яғни білім алушылардың өзін-өзі басқару күні өтті.

Дублер күнінің мақсаты - мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың

ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру. "ДУБЛЕР КҮНІН" өткізу мақсатында мектепте Парламент Президенті Мұзарап Нұрай бастаған 11- сынып оқушылары мен 10- сынып оқушыларынан бастамашыл топ құрылды. Сонымен қатар, жоспар бойынша алдын ала өзін-өзі басқару күнін өткізу ережесі, мақсаты мен міндеттері, өткізу форматы мен тәртібі айқындалды. Мектеп әкімшілігі мен пән мұғалімдерінің рөлін мектеп Парламент Президенті, 11- сынып пен 10- сынып оқушылары атқарды.

11-сынып оқушылары үлкен дайындық жұмыстарын жүргізді, мектепті шарлармен безендірді. Жоғары сынып оқушылары мұғалімдердің рөлін қуана жүктеді. Барлық сабақтар жоғары деңгейде өтті.

<https://www.instagram.com/reel/CyDcuXsM5Jd/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>
<https://www.instagram.com/reel/Cx3IXC1stB3/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

Оқушылардың ерекше күтетін мерекелерінің бірі - "Алтын күз" мерекесі. Мектебімізде жылда «Алтын күз» мерекесі аталып өтіледі. Осы аталған мерекеге орай іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілді. Қазанның 23 күні 1-2 сынып оқушылары ата-аналарымен бірге, сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Күзгі сый» тақырыбына өз қолдарымен жасаған табиғи бұйымдардан көрме жасады. Көрмеге барлық оқушылар белсенді қатысты.

3-4 сынып оқушылары «Күзгі фотосессия» күзгі суреттерімен бейнематериал жасады.

<https://www.instagram.com/reel/CzAf2YgojDr/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

Бастауыш сыныптарда «Күз-мереке, күз-береке» тақырыбында сынып сағаттары өтті. 5-6 сыныптарда «Арайлы алтын күз» атты сынып сағаттары өткізілді.

26 қазан күні 9-11 сыныптарда тәлімгер мен мектеп парламенті ұйымдастырған «Күзгі бал» кеші өтті. 7-8 сыныптар арасында «Күз ханшайымы» сайысы өтті.

ТАЛАП:

Жан мен тән тазалығын сақтайды;

Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;

Қоршаған орта тазалығын сақтайды;

Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;

Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Қыркүйектің 5-16 күні аралығында мектебімізде Қазақстан Республикасы халқының тілдер мерекесіне арналған «Ұлы даланың халықаралық тілі» онкүндігі болып өтті. Ана тілімен бірге ұлт өкілдерінің мәдениеті мен тілі, тарихын терең білуге шаралар жоспарланып, тиімді түрде іске асырылды. Аталмыш апталық аясында бекітілген жоспар бойынша мектебіміздің тіл мамандары Қазақстан Республикасында тұратын барша халықтың тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін қорғауға және дамытуға бағытталған түрлі іс-шаралардың өтуіне белсене ат салысты. Оқушылар мемлекеттік тілде және орыс, ағылшын тілдерінде өлең шумақтарын айтып, ұлттық аспап домбырада күй тартылып, әнмен шашу шашты. 2023 жылдың 6 қыркүйегінде «Тілімізге деген көзқарас – елімізге деген көзқарас» атты тақырыпта мектепішілік шығармалар сайысы болып өтті. Сайыс мақсаты : оқушыларды өз тілін құрметтеу тілге деген дұрыс көзқарас қалыптастыру, тілін сүю және еліміздің патриоты болуға үйрету.

Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне арналған іс-шаралар жоспары құрылып, бекітілді. 5 қыркүйек күні «Тіл тазалығы» тақырыбындағы Ахмет

Байтұрсынұлының туған күніне арналған тілдер апталығының ашылу салтанаты өтті. 9-11 сынып оқушылары арасында «Тіл тазалығын сақтау мүмкін бе?» тақырыбында пікірсайыс өткізілді. 2-4 сынып оқушылары үшін кітапханада «Кітап көрмесі» ұйымдастырылды. «Тілімізге деген көзқарас - елімізге деген көзқарас» атты тақырыпта мектепшілік шығармалар сайысы болып өтті. Сайыс нәтижесінде оқушылар дипломдармен марапатталды. 1- сынып оқушыларына арналған «Әліппенің атасы-Ахмет Байтұрсынұлы» тақырыбында сынып сағаты 5-8 сынып оқушыларына «Қырық мысал» мәнерлеп оқу сайысы өткізілді. 8-11 сынып оқушылары арасында «Әдеби-танымдық кеш» ұйымдастырылды.

Қазіргі таңда оқушыларға маңызды мәселелерді жете және ғылыми талдай алу қабілеті қажет. Осыған орай жалпы білім беретін мектепте қосымша «Дебат» үйірмесінің білім беруде маңызы зор. Оқушылардың еліміздегі патриоттық бағытта жүзеге асырылып жатқан игі істер мен айтулы шаралар, бағыттар туралы түсініктерін кеңейту мақсатында мектебімізде «Болашақ» дебаттық клубы құрылды. Клуб жетекшілері тарих пәнінің мұғалімдері Байсалбаев Заманбек Аргынович, Каирбеков Ербол Ерланович. Дебат клубының бағдарламасы бекітіліп, құрамы анықталды. 2023 жылғы 12 қыркүйекте «Мектеп формасының тиімді, тиімсіз жақтары» тақырыбында орыс лигасында дебат өтті. Ұйымдастырушы Байсалбаев З.А. Сайысқа 11 «Г» сынып оқушылары белсене қатысып, тақырыпты жан жақты аша білді. Қолдаушы топ мектепте мектеп формасын талап ету керек десе, қарсы топ мектеп формасы керек емес деген пікірді ұстанды. Өте қызу пікірталас өтті.

Ағымдағы жылы республиканың барлық білім беру ұйымдарында түрлі іс-шаралар өткізу жоспарланды. Соның бірі - оқушылар мен студент жастардың қатысуымен «Сергіту сәті» челленджі. Челлендждің мақсаты - балалардың салауатты өмір салтын насихаттау.

Челлендждің міндеттері:

- физикалық, психологиялық стрессті төмендетуге ықпал ету;
- оқу іс-әрекеті процесінде шаршаудың алдын алуға, физикалық белсенділікті арттыруға ықпал ету;
- балалардың денсаулығын сақтау мақсатында жұмыс қабілеттілігін арттыруға ықпал ету.

Аталған іс-шараға біздің мектеп оқушылары да белсенді қатысты.

Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл болуына орай 7А сыныбында «Мен жастарға сенемін» атты сынып сағаты болып өтті. Сынып жетекшісі: Нұрсейіт Г.Д https://www.instagram.com/p/CylFuz3sVO0/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWF1ZA==

8В сыныбында да Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдығына орай, «Мен жастарға сенемін» атты сынып сағаты өтті. Сынып жетекшісі: Оспанова Г.К.

https://www.instagram.com/reel/CysTkds0G8/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWF1ZA

Спандияр Көбеевтің 145 жылдығына орай 6В сыныбында сынып сағаты өткізілді.

https://www.instagram.com/reel/Cyn89oOsR9R/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWF1ZA==

==

10Г сыныбында «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының туғанына 165 жыл» атты сынып

сағаты өткізілді.

https://www.instagram.com/p/Cy3byz8Mgzf/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWF1ZA==

Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл толуына орай 5 Г сыныбында тәрбие сағаты өткізілді. Жазушының өмірі мен шығармашылығы жайынан мағлұмат берілді.

https://www.instagram.com/p/Cy7pii MmiY/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWF1ZA==

10А сыныбында Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл болуына орай «С.Торайғыров – реалист ақын» тақырыбындағы сынып сағаты өтті. Сынып жетекшісі: Иманбаева С.Ш.

https://www.instagram.com/p/CznpAivMexP/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWF1ZA==

Балалардың кешенді қауіпсіздігін қамтамасыз ету – ата-аналар мен мектептің негізгі міндеті. Күнделікті өмірде балаларды қауіпсіздік дағдыларына үйрету қажет. Мектептің инстаграм парақшасында жол-көлік апаттарының алдын-алу бойынша, өрт кезіндегі іс-қимылдар туралы балаларға арналған жадынамалар жарияланды. 1-7 сынып оқушыларымен «Абайлаңыз, балалар!» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Жоғары сынып оқушыларына полиция қызметкерлері жолда жүру ережелері мен қауіпсіздік туралы дәріс өткізді. Ақмола облысы бойынша Төтенше жағдайлар департаментінің ұйымдастыруымен «Қауіпсіз қала» атты іс-шара өтті. Бұл шараға мектебіміздің 11 - сынып оқушылары қатысты. Көкшетау қаласы Жоғары азаматтық қорғау көпсалалы колледжінде ашық есік күні өтті. Біздің мектебіміздің 9-сынып

оқушылары «Төтенше жағдайлар», «Еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі» тақырыбында презентациялар дайындады.

8- сынып оқушылары Көкшетау қ. №2 мамандандырылған өрт сөндіру бөліміне барды. Экскурсия барысында бөлім қызметкерлері оқушыларды арнайы өрт сөндіру, апаттық-құтқару техникасымен және қарулы құрылымның құтқару жұмыстарын жүргізуге арналған жабдықтармен таныстырды. 27 қыркүйек күні №19 ЖОББМ-де төтенше жағдайда эвакуациялау бойынша оқыту жүргізілді. Оқытуға барлық мектеп ұжымы және оқушылар қатысты.

27 қыркүйек күні №19 ЖОББМ-де төтенше жағдайда эвакуациялау бойынша оқыту жүргізілді.

Жаттығу тақырыбы: мектеп ғимаратынан балалар мен мектеп қызметкерлерін эвакуациялау

Мақсаты: өрт және төтенше жағдайлар кезінде адамдарды мектеп ғимаратынан эвакуациялау дағдыларын жетілдіру.

Эвакуациялау кезінде дыбыстық құлақтандыру жүйесі пайдаланылды. Мектеп оқушылары, оқытушылар, техникалық қызметкерлер негізгі және 5 қосалқы эвакуациялау жолдары арқылы мектеп ғимаратынан эвакуацияланды.

«Есірткі қылмысының алдын алу» бойынша кездесу өткізілді. Аталмыш іс-шарада Ақмола облысы прокуратурасының қызметкерлері сөз сөйледі.

Мектебімізде полиция қызметкерлері кәмелетке толмағандардың арасындағы құқықбұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу бойынша онлайн форматта ата-аналар жиналысын өткізді.

Қазақ қызының бойындағы ұлттық дәстүрімізге сай әдептілік, көріктілік, инабаттылық, кішіпейілділік т.б. қасиеттерді таныта білу мақсатында «Асыл ару» қыздар клубы ұйымдастырылды. Жетекшісі Амренова Замира Рашитқызы. «Шаш күтімі» туралы қыздармен әңгіме жүргізілді. 5-7 сынып арасында “Қыздарға әсемдік жарасады...” атты бұрымды қыз сайысы өтті.

Әлеуметтік педагог Ы.С. Жумабаеваның жұмысы бекітілген жоспарға сай және лауазымдық міндеттеріне сәйкес жүргізілді.

Әлеуметтік жағынан қорғалмаған отбасы балаларына қолдау көрсету мақсатында дәстүрге айналған «Мектепке жол» республикалық акциясы биыл «Балаларға бірге көмек берейік!» атты айдармен өткізілді. Акция еліміздің барлық өңірлерінде ағымдағы жылдың 1 тамызы мен 30 қыркүйек аралығында өтті.

Айлық негізінде мектепшілік бұйрық шығарылып, аз қамтылған, көп балалы және жетім (немесе қамқоршысынан айырылған) балалар анықталды. Бұл балаларға жаппай оқу қорынан 3 117 636 тенге қаржы сомада көмек көрсетіліп, арнайы санатқа жататын оқушылар үшін бір мезгіл ыстық тамақпен тамақтану қамтамасыз етілді.

Жаппай оқу қорынан -3 184 380	Спорттық киім-спорттық аяқ-киім-кеңсе заттары
Көпбалалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар, жетім, мүгедек, ата-анасының қамқорлығынан айрылған балалар ОШ №19 бойынша саны-106	Бір балаға-40 567 тг 106*40567=4 300 102тг
Жалпы: 4 300 102 тенге	

2023 жылдың қыркүйек айында әлеуметтік педагог сынып жетекшілерімен бірлесе отырып сынып бойынша әлеуметтік төлқұжаттарын жасап, кейін жалпы мектептің әлеуметтік паспорты жасалды. Сонымен қатар санаттар бойынша келесі тізімдер жасалды: қамқорлыққа алынған оқушылар, "қиын" жасөспірімдер, мектепшілік есепте тұрған оқушылар, қолайсыз отбасынан шыққан оқушылардың деректер банкі. Жетім балалардың және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың үлгерімі мен сабаққа қатысуын есепке алу жүргізілді, сабақтан тыс уақытта жұмыспен қамтылуына талдау жүргізілді.

2023-2024 оқу жылына "№ 19 орта мектебі " КММ әлеуметтік төлқұжаты

№ п/п	Әлеуметтік санаттар	саны	%
	Барлығы	1261	100 %
	Отбасы типі бойынша	1093	100 %
1	Толық отбасылар	1093	87%
2	Толық емес отбасылар	167	13 %
3	Анасы жоқ	4	0,3%
4	Әкесі жоқ	23	1,8 %
5	Көпбалалы отбасылардан шыққан оқушылар	283	22,4 %
6	Аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушылар	118	9,3 %

7	Жетім, ата-анасының қамқорлығысыз қалған оқушылар	3	0,2%
8	Мүгедек оқушылар	15	1,1 %
9	ҚР-ның азаматығы жоқ оқушылар	4	0,03%
10	Басқа мемлекеттің азаматтығы бар оқушылар	4	0,03%
11	ЖПҚБ полиция бөлімінде тұрған оқушылар	0	0
12	Мектепшілік есепте тұрған оқушылар	0	0
	Ата-аналардың білімі:	553	100 %
1	Жоғары білімді ата-аналар	300	54%
2	Техникалық және кәсіби білімі бар оқушылар	168	30,7%
3	Жоғары, техникалық және кәсіби білімі жоқ ата-аналар	85	15,3%

Жетім және қамқорлықтағы балалармен жұмыс

Оқу жылы бойы жоспарға сәйкес қамқорлыққа алынған оқушылардың отбасыларына сынып жетекшілерімен барып, үйдегі тұрмыстық жағдайы бақыланды. Қамқоршылармен әңгімелесу өткізілді, қамқоршылардың есептері, тұрғын үй- тұрмыстық жағдайларын тексеру актілері жасалды. № 19 ЖОББМ және шағын аудан бойынша 18 жасқа дейінгі барлық жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың денсаулық жағдайы туралы анықтамалар жиналды. Қамқоршылардың есептері жоспар бойынша мамандарға тапсырылды. ҚББ сұраулары бойынша барлық кестелер толтырылды, есептер жасалды, электронды база толтырылды.

Құқық бұзушылықтың алдын алу

2023-2024 оқу жылының I жартыжылдығында оқушылармен және отбасылармен құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыстар жүргізілді: қолайсыз, проблемалы отбасылар анықталды, осы отбасыларға, балаларға картотека жасалды. Пәтерлеріне барып, тұрғын үй- тұрмыстық жағдайларын тексеру актілері құрастырылды, балаларды тәрбиелеуден жалтарған ата-аналармен жұмыс жүргізілді.

Мектеп оқушыларымен мектеп тәртібі, асханада, дәлізде оқушы өзін қалай ұстау керек екендігі туралы профилактикалық әңгімелер бірнеше рет өткізілді.

4 «Г» сынып оқушыларымен буллингтің алдын алу мақсатында «Тәртіп дегеніміз не?» «Өз міндеттеріңмен құқықтарыңды білесің бе?» тақырыбында профилактикалық әңгімелер жүргізілді.

Мектебімізде 2023 жылдың 20 қазанында «Есірткі қылмысының алдын алу» тақырыбындағы кездесу болып өтті. Іс-шара қонақтары Ақмола облысы прокуратурасының сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығын қадағалау және қылмыстық қудалау басқармасының облыс прокурорының көмекшісі Е.Д. Макушев пен Ақмола облысы прокуратурасының сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығын қадағалау және қылмыстық қудалау басқармасының аға прокуроры С. А. Бекенов сөз сөйледі.

Жоспарға сәйкес 2023-2024 оқу жылының 1 жартыжылдығында мектептің психологиялық қызметі 1, 5, 10- сынып оқушыларының бейімделу мүмкіндіктерін дамыту мақсатында тренингтер мен диагностикалық жұмыстар жүргізілді.

5-сыныптардан зерттеуге 86 оқушысы қатысты. Диагностикалық нәтижелер бойынша мазасыздану деңгейі төмен оқушы анықталмады.

1 -сынып оқушыларымен "Сәлем мектеп-бұл мен!" атты тренингтері, ал 5-сыныптарда "Бесінші сыныпқа бірінші рет" , 10-сыныптарда "Мен өзімнің көзіммен және басқалардың көзіммен" атты тренингтері өткізілді.

Мектеп психологтары 1,5,10 сыныптардың педагогтері мен ата-аналарына оқушыларды оқытудың жаңа сатысына бейімдеу үшін қолайлы жағдайлар жасау жөнінде ұсыныстар берді.

2023-2024 оқу жылында жасөспірімдердің мінез-құлқында кездесетін келеңсіз жағдайлардың алдын алу, түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу, өз-өзіне сенімділіктерін арттыру мақсатында жылдық жоспар құрылып жұмыстар өткізілді.

«Сенім жәшігі» мен «Сенім телефоны» төменгі қабатта орналасқан. Келіп түскен өтініш хаттар болған жоқ.

Бастауыш сынып оқушыларымен үзіліс кезінде тренинг, ойындар өткізілді. Әлеуметтік педагог, педагог-психолог, мектеп инспекторының қатысуымен «Оқушының ережелері мен міндеттері» тақырыбында әңгіме жүргізді.

Кітапханада «Жаңа кітаптар», «Ол кім, бұл не?», «Мерзімді басылымдар әлемі», «Ертегілер елінде» , «Ұлы даланың Ұлы тұлғалары» тақырыптарындағы тұрақты кітап көрмелерімен қатар, атаулы күндер мен мерейтойлық даталарға байланысты кітап көрмелері, Тілдер мерекеісіне орай «Ана тілі-асыл мұра», Республика күніне арнап «Менің елім Қазақстан» , Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдығына «Мағжан поэзиясының әлемі», С. Сейфуллиннің 130 жылдығына «Сәкен -жырдың сарқылмас дариясы» тақырыптарына кітап көрмелері ұйымдастырылды. Дәстүрлі кітап көрмелерінен тыс инсталляция түріндегі «Білім құдығы» , «Оқы» көрмесі ұйымдастырылды.

Қыркүйек айында 1- сынып оқушыларына кітапханаға саяхат ұйымдастырылып, оқушылар жаңа келген кітаптармен және кітапхана ережесімен таныстырылды.

«Ертегілер еліне саяхат» атты шараға 3- сынып оқушылары белсене қатысып, оқыған ертегілеріндегі кейіпкерлер туралы мазмұнын айтып берді.

«Кітап-асыл қазына» тақырыбындағы шара 4 «А» оқушыларының қатысуымен өтті

«Үзілісте оқиық» оқу жобасына орай 4-8 сынып оқушылары өздерінің оқыған әдеби шығармаларын қысқаша талдап айтып отырады.

«Төрт тоқсан - төрт өнер» мәдени ағартушылық жобасы аясында «Бізді ақылды ететін кітап – дана» атты кітаптар керуені өткізілді.

2023-2024 оқу жылына сыныптардың кезекшілік кестесі мен әкімшілік кестесі бекітілді.

Кезекші мұғалімнің міндеті:

1. Сол күнгі кезекші мұғалім бірінші сағат басталардан 30 минут бұрын келу
2. Сол күнгі кезекші мұғалім сынып кезекшілерінің жұмысын бақылау.
3. Асханадағы жұмысты бақылау .
4. Мектептің қандай бір құрал жабдықтары бүлінген жағдайда , әкімшілік кезекшілікке баяндау.
5. Сабақтан кейін барлық кабинеттердің тазартылуын бақылау.
6. Қандай да бір оқыс жағдай және кикілжің туындаған кезде әкімшілік кезекшіліктің нұсқауымен әрекет ету.
7. Сол күнгі ескертулерді кезекшілік журналына енгізу.

8. Журналдың бетін жыртпай таза ұстап, келесі кезекшіге көрсетіп беру.

Оқушылардың күзгі, қысқы демалыс кезіндегі қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық берілді.

Мектеп оқушылары мен ұстаздар түрлі деңгейдегі іс-шараларға қатысып, жүлделі орындарға ие болды:

Деңгейлері	2023-2024 оқу жылы
Республикалық деңгей	«Қазақстан-менің жарқын болашағым»: Газизова Амира -1 орын; Сагиндыков Абылай -1 орын; Жандосқызы Амина- 2 орын.
Облыстық деңгей	1. Футболдан облыстық “Жастар” спартакиадасында 1- орын. 2. «Әлем әнмен ажарлы» II облыстық жас әншілер байқау-фестивалі: Өмірбек Гүлім -3 орын; Ұлан Мөлдір -3 орын.
Қалалық деңгей	1. «Ана тілім-ардақтым» атты қалалық қазақ тілінде жазылған ең үздік эссе байқауы 9 "А" сынып оқушысы Айтқожина Адина- II орын. 2. Футболдан қалалық “Жастар” спартакиадасында 1- орын. 3. Дебат турнирінде Куриленко Константин, Мустафин Темирлан 2-орын. Қазақ лигасында Бескемпирова Мадина, Булат Мөлдір 3-орын. 4. «Жұлдызды сәт» квест ойынына 4 «Б» сынып оқушысы Уралов Алинур әкесімен бірге қатысып, 1-орынға ие болды. 5.“Ақберен” республикалық өнер байқауының қалалық кезеңінің “Ұлттық аспапта өнер көрсету” номинациясы бойынша 9 ”В” сынып оқушысы Ұлан Мирас 2 дәрежелі Дипломмен марапатталды. 6. Қалалық "Сені жырлайын, Қазақстан" атты шығармашылық байқауында 7 «В» сынып оқушысы Туякова Сания жүлделі 2-орынға ие болды. 7.“25 қазан - Республика күніне” орай өткен қалалық жеңіл атлетика жарысында ағылшын тілі мұғалімі Бикеева Айсұлу Жанибековна 2-орынға ие болды.; 8.Ата-аналардың қатысуымен ұйымдастырылған волейбол жарысында мектеп құрамасы 2-орын, футболдан 3-орынды иеленді. 9. «Мың бір мақал» қалалық байқауында Кажмбаев Ернар (2А), Амангелді Інжу (2В), Мамедова Алуа (3А) жүлделі 3-орын. 10. Тарих мұғалімі Кыркаева Гульдарай Ахметбековна күзгі пікірсайыс турнирі -3 орын.

Ата-аналармен қарым-қатынас

Ата-ана мен мектептің қарым-қатынасы -ұрпақ тәрбиесінің қайнар бұлағы.

Негізі, ой санасы дамыған адамгершілік және дене тұрғысынан салауатты, мәдениетті тұлғаны жан-жақты қалыптастыруды көздеген тәрбие мәселесіне мектеп те, ата-ана да бей-жай қарай алмайды. Ал, тәрбие жұмысының табысты болуының басты кепілі мектеп пен ата-аналар арасындағы ынтымақтастық қарым-қатынаста.Өйткені адамзат бесігін тербеткен баланың бас ұстазы ата-ана.

Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алып өседі. Қазіргі таңдағы мектеп пен отбасының

байланысы нақты қай түрде көрінуі керек десек, бала тәрбиесінде мұғалім мен ата-ана ынтамақтастығы бір-біріне ауадай қажет. Сондықтан, әл-мктебіміздің ата-аналармен қарым-қатынасы алдыңғы қатарға қойылған.

Мақсаты: мектеп, ата-ана, ұстаз болып бірігіп, сапалы білімді, саналы тәрбиелі, бәсекеге қабілетті, жаңа заман талабына сай, салауатты ұрпақ тәрбиелеу.

Алға қойған міндеттері:

Ата-аналарды балаларының оқуына көмекті дұрыс ұйымдастыруға үйрету;

Топ ұжымымен қызықты іс-шараларды ұйымдастыруға ата-аналарды қатыстыру;

Ата-аналармен тақырыптық жиналыстар өткізу;

Ата-аналармен жеке жұмыс жүргізу.

Күтілетін нәтиже:

Өз ұлтын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін дәріптейтін, өзін-өзі реттей алатын, ата-ананы, үлкен-кішіні, отбасын, өмір құндылықтарын құрметтейтін тұлға қалыптастыру. Өз ойын ашық, өзіне сенімді, өзін ұстай алатын білімді, саналы оқушы тәрбиелеу.

Балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күшейту, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту мақсатында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы құрылды.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы – ата-аналар қауымын, отбасын нығайтуға, отбасылық және қоғамдық тәрбие байланысына мүдделі әкімшілік және педагогикалық

қызметкерлерді біріктіреді және балалардың заңды өкілдерінің құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған, білім алушыларды тәрбиелеу, дамыту және оларға білім беру мәселелерін тиімді шешуге мүмкіндік береді.

2023-2024 оқу жылының басында Аналар кеңесі құрылды. Бұл кеңестің құрамына белсенді аналар мүше ретінде қабылданды.

Кеңестің қызметі бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылуда. Кеңестің барлық мүшелері әрқайсысының ұсыныстары мен тілектерін ескере отырып, жұмысты жоспарлауға белсенді қатысады. Аналар кеңесінің отырысы «Аналар кеңесі туралы» Ережеге және жаңа оқу жылында бекітілген жоспарға сәйкес өткізіледі. Басты міндеті- отбасылық құндылықтарды сақтау, келешек ұрпақтың тәрбиесіне баса назар аудару.

Нәтиже: жалпы алғанда, аталған кезеңдегі тәрбие жұмысының міндеттерін шешілген деп санауға болатындығын, мақсатқа қол жеткізілгенін атап өткен жөн. Тәрбие жұмысын мақсаттар мен міндеттерге сәйкес талдау көрсеткендей, орындалған жұмыс тұлғаның интеллектуалды, адамгершілік және физикалық қалыптасуына, жеке және шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасауға ықпал етті. Жарты жылдық жұмыс жоспары жүзеге асырылды. Мектептегі әдістемелік жұмыс арқылы да, интернет желілері арқылы педагогикалық тәжірибені өз бетінше зерттеу арқылы да сынып жетекшілерінің ағарту деңгейі артып келе жатыр.

Ұсыныстар:

1. Сынып жетекшілігінің әлеуетін іске асыру, оқушыларды белсенді мектеп қызметіне тарту.
2. Оқушылардың сабақтан тыс жұмыстарға қызығушылығын арттыру (үйірмелер, секциялар және т.б.).
3. Өзін-өзі басқаруды дамытуға ықпал ету және оның принциптерін дамыту.
4. Кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу.

5. Балалар қоғамдық бірлестіктерінің дамуына ықпал ету.
6. Ата-аналарды "Даналық мектебі" клубының жұмысына тарту, ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысын жандандыру.
7. Волонтерлік қызметті ұйымдастыру, оқушыларды оған қатысуға тарту.

Барлық іс-шаралар бойынша мәлімет мектептің инстаграм парақшасында, мектеп сайтында жарияланды.

6. Ерекше білім беретін оқушыларды оқыту бойынша ақпарат қажеттіліктері мен үйде оқитындар.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға қолайлы жағдайлар жасау бойынша ақпарат

2023-2024 оқу жылы ішінде № 19 жалпы орта білім беретін мектепте ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларға қолайлы психологиялық-педагогикалық жағдай жасау 2022-2026 жылдарға арналған мектептегі инклюзивті білім беруді дамыту бағдарламасы негізінде және 2023/2024 оқу жылына психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылды.

Мектептің жалпы білім беру үдерісіне инклюзивтік тәжірибелерді енгізу келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

- ұйымдастыру-әдістемелік қызмет;
- ақпараттық-әдістемелік қызмет;
- мектепте білім алуында ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды кешенді психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік қолдау.

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің **мақсаты** – білім беру процесіне барлық қатысушыларды білім алуында ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды барынша дамыту, оларды табысты оқыту және әлеуметтендіру үшін жағдай жасауға бағытталған ағартушылық, диагностикалық және түзету іс-шаралары кешенін іске асыру жолымен қолдауын ұйымдастыру болып табылады.

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің 2023/2024 жж. негізгі міндеттері:

- білім алуында ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың жеке басының құқықтары мен мүдделерін қорғау, олардың психологиялық және дене дамуы мен оқытудың қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ету, психологиялық-педагогикалық және медициналық-әлеуметтік мәселелерді шешуге қолдау көрсету және жәрдемдесу;

- даму және оқыту мәселелерінің туындауын алдын алу үшін ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың даму мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін кешенді диагностикалау;

- білім алуында ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің жеке бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру, сондай-ақ білім беру бағдарламаларын білім алушылардың мүмкіндіктері мен қабілеттеріне бейімдеу;

- білім беру процесінің барлық субъектілері арасындағы өзара түсіністікті және өзара іс-қимылды нығайтуға жәрдемдесу;

- білім алушылар, педагогикалық қызметкерлер, ата-аналар арасындағы консультациялық-ағартушылық жұмыс.

I. ППҚҚ ұйымдастыру-әдістемелік жұмысы:

Осы бағытты іске асыру кезінде мамандар келесі міндеттерді шешу бойынша іс-шараларды ұйымдастырады:

- инклюзивті білім беруді енгізу үдерістерін ғылыми-әдістемелік қолдау моделін іске асыру мақсатында қолда бар педагогикалық, ақпараттық, зияткерлік, бағдарламалық-әдістемелік ресурстарды пайдалану;

- кешенді психологиялық-педагогикалық қолдауды қажет ететін оқушыларды анықтау.

Директордың бұйрығы негізінде психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі (бұдан әрі - ППҚҚ) келесі мамандармен бекітілді және толық жасақталды: 1 инклюзивті білім беру

үйлестірушісі, 3 педагог-психолог, 1 әлеуметтік педагог, 4 мұғалім-логопед, 3 мұғалім-дефектолог, 3 педагог-ассистент.

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының қызметі мектеп директорымен бекітілген лауазымдық нұсқаулықтарға сәйкес №19 жалпы орта білім беретін мектепте ППҚҚ қызметі туралы ереже негізінде жүзеге асырылды.

Білім алуында ерекше қажеттіліктері (бұдан әрі - БАЕК) бар оқушылар үшін арнайы жағдайлар жасау мақсатында 2023/2024 оқу жылының басында ПДТ бар балалар үшін 6 сынып құрылды. Оның ішінде 4 сынып қазақ тілінде және 2 сынып орыс тілінде оқытылады. Оқу жылының соңында ПДТ бар балаларға арналған сыныптарда барлығы 47 оқушы оқиды, оның ішінде 18.08.2023 ж. қалалық ПМПК қорытындысы бойынша 5 оқушы жалпы білім беру сыныптарына шығарылды.

2023 ж. желтоқсан айы жағдайына ПДТ бар балалар үшін арнайы сыныптардың толық саны төменде берілген (кесте 1):

Сынып/ Класс	2023 ж. мамыр айында саны/Кол-во учащихся на май 2023 г.	2022 ж. қараша айында саны/Кол-во учащихся на декабрь 2023 г.	Арнайы сыныптағы мүгедектігі бар балалар /Дети инвалиды в спец. классах
1 Д оқыту – қазақ тілінде / с каз.яз. обучения	-	6	2
1 Ж оқыту – қазақ тілінде / с каз.яз. обучения	-	8	0
2 Е оқыту – қазақ тілінде / с каз.яз. обучения	9	8	1
2 К (2022-2023 оқу жылы)	3	-	-
7 Е оқыту – орыс тілінде / с рус.яз. обучения	11	9	1
7 К қазақ тілінде / с каз.яз. обучения	7	7	2 (из них 1 надомное обучение)
8 Д орыс тілінде / с рус.яз. обучения	12	9	2 (из них 1 надомное обучение)
8 Д (2022-2023 оқу жылы)	4	-	
Барлығы	46	47	8

Ағымдағы жылы мектепте инклюзивті тәжірибелерді енгізу бойынша жұмыстар жалғастырылды. Жалпы білім беретін оқу бағдарламасы бойынша оқыту жеке тәсілдеумен, оның ішінде оқу бағдарламасын қысқарту немесе жеке оқу жоспары бойынша, жеке тәсілдеумен және ПМПК қорытындысы бойынша оқу жетістіктерін бағалауда вариативтілігімен ұсынылды (оқу жылының басында 28 оқушы).

Жалпы білім беретін 1-ші 9-ға дейінгі 17 сыныпта ЕББҚ бар оқушылар оқитын жалпы білім беретін сыныптар (инклюзивтік) болып табылады. Жалпы білім беретін сыныптардан мүгедектігі бар 6 оқушы.

Мектеп бойынша мүгедектігі бар балалар барлық 16, үйде 6 оқушы оқиды. Үйде оқитын оқушылар ДКК, қалалық білім бөлімінің, қалалық ПМПК қорытындысы және ата-аналардың қалауы бойынша оқиды.

2023/2024 оқу жылының соңына мектепте ЕББҚ бар оқушылардың саны барлығы - 75:

- ЕББҚ бар 47 оқушы ПДТ бар балалар үшін арналған сыныптарда оқиды, оның 2-уі үйде оқитын;
- Жалпы білім беретін 1-9 сыныптардан 28 оқушы;
- Жалпы білім беру бағдарламасы бойынша 3 оқушы үйде оқиды;
- ПМПК қорытындысы бойынша оқытудың жеке бағдарламасы талап етілмейтін 15 оқушы логопедпен ғана сабақ қажет.

ППҚ қызметінің мамандары оқу жылы бойы жұмыс жоспарына және кестеге сәйкес, ЕББҚ оқушыларымен түзету-дамыту жұмыстарын, сондай-ақ педагогтар мен ата-аналармен кеңес беру-ағартушылық қызметті үнемі жүргізді.

ППҚ қызметінің мамандары пән мұғалімдерімен бірге психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің жеке бағдарламаларын әзірледі, сондай-ақ жалпы білім беретін сыныптардағы ЕББҚ бар барлық оқушыларымен жеке жұмыс жоспарын әзірледі.

Соңғы 3 жылда жалпы білім беру сыныптарында ПДТ бар балаларға арналған сыныптардың қысқаруына байланысты ПДТ бар оқушылар санының артуы байқалады (кесте 2):

Оқу жылы	ПДТ бар балалар үшін сыныптардағы оқушылар саны	Жалпы білім беретін сыныптардағы ЕББҚ бар оқушылар саны
2018-2019	56 (7 сынып)	17
2019-2020	46 (5 сынып)	40
2020-2021	34 (4 сынып)	37
2021-2022	43 (5 сынып)	28
2022-2023	46 (5 сынып) + 1 сынып СТКБ	28

2023-2024 оқу жылының басында арнайы және инклюзивті сыныптарда жұмыс істеуге дайындалған педагогтардың деректер банкі құрылды. ПДТ бар балаларға арналған сыныптардағы сынып жетекшілері туралы мәліметтер төмендеберілген (кесте 3):

№	Педагог ТАЖ	Білімі		Еңбек өтімі		Санаты
		Жоғары педагогикалық	Инклюзивті білім беру бойынша курстары	3 жылдан астам	18-ден жоғары	
1	Аяган Б.	+	2022	+		Педагог-модератор
2	Хасенова Л.Т.	+	2022	+		Педагог-модератор
3	Есмагулова Ж.К.	+	2021	+		Педагог-модератор
4	Тасболат А.	+	2023	+		Педагог-модератор
5	Калиева Д.	+	2023	+		Педагог-модератор
6	Адылова Л.К.	+	2022	+		Педагог-эксперт

ПДТ бар балаларға арналған сыныптарда, инклюзивті сыныптарда және үйде оқитын оқушыларға 79 мұғалім мен 13 маман оқытады. Инклюзивті білім беру курстарынан 84 педагог өтті. Бірақ инклюзивті, арнайы сыныптарда сабақ беретін және үйде оқитын инклюзивті білім беру бойынша біліктілікті арттырудан өтетін 22 педагогқа қажеттілік бар. Бұл жұмыс 2023/2024 оқу жылының соңына дейін жоспарланып отыр.

Оқу жылының басынан бастап ППҚҚ 5 отырысы өткізілді, онда қызмет мамандарының оқушылармен күнтізбелік-тақырыптық және перспективалық жұмыс жоспарлары, үйде оқитын оқушылармен мұғалімдердің жоспарлары, сондай-ақ түзету компоненті сабақтарындағы мұғалімдердің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары қаралды. Отырыстарда ЕББҚ бар оқушылардың тізімі нақтыланды, ЕББҚ бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық тексеру талдауы, оқушылармен түзету-дамыту жұмыстары қарастырылды, ЕББҚ бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау жеке бағдарламалары қарастырылды.

Осылайша, ППҚП мамандарының ұйымдастырушылық-әдістемелік қызметі жыл бойы жоспар бойынша жүзеге асырылды, барлық қажетті жоспарлы іс-шаралар жүргізілді.

Осы бағыт бойынша 2023 жылдың тамыз айында ЕББҚ бар жаңа оқу жылына оқушылардың тізімін нақтылау, арнайы, инклюзивті сыныптарда және үйде оқитын оқушылармен арнайы бағдарламалар бойынша жұмысқа дайындалған педагогтардың деректер банкін жаңарту ұсынылды. Мектеп әкімшілігі мектеп педагогтарының инклюзивтік білім беру курстарынан өтуіне ықпал ету қажет.

2023-2024 оқу жылы ішінде мектеп мамандары мен педагогтарына Ақмола облысында инклюзивті білім беруді дамыту бойынша қалалық, облыстық іс-шараларға, конференцияларға,

«дөңгелек үстелдерге» қатысу ұсынылды. Білім беру процесінің барлық қатысушыларына ЕББҚ бар оқушыларға төзімді қарым-қатынасты қалыптастыруға ықпал ету. Мектептің жалпы білім беретін, арнайы білім беру ұйымдарымен, инклюзивті білім беруді дамытуға мүдделі жергілікті атқарушы органдармен өзара байланысын қолдау.

II. ППҚҚ қызметкерлерінің ақпараттық-әдістемелік қызметі келесі бағыттарда жүзеге асырылды:

- инклюзивті білім беру саласында педагогикалық тәжірибеге заманауи білім технологияларын енгізу қызметін ұйымдастыру;

- педагогикалық кадрлармен кеңестік, ағартушылық, әдістемелік жұмыстарды өткізу;

- медициналық, әлеуметтік пен құқықтық сұрақтар бойынша ата-аналарға (заңды тұлғаларға) баланың тәрбиесіндегі және дамуындағы кеңестік және әдістемелік көмек көрсету;

Инклюзивті білім беруі облысында педагогикалық тәжірибеге заманауи білім технологияларын енгізуінің қызметін ұйымдастыру мақсатында ағымдағы оқу жылында келесі іс-шаралар өткізілген болатын, іс шаралар қашықтықтан өткізілген.

Түзету-дамыту сабақтарының өткізілуін бақылау мақсатында инклюзивті білім беру үйлестірушісі ағымдағы оқу жылы ішінде ПДТ бар балаларға арналған 2 және 6-8 арнайы сыныптарда ППҚҚ жоспары бойынша түзету компонентінің сабақтарына қатысты. Тексеру барысында мұғалімдер қызметінің мазмұнын зерттеу мақсатында ППҚҚ мамандары мен мұғалімдердің 24 сабағына қатысты, сондай-ақ оқушыларды бақылау жүзеге асырылды. Бақылау нәтижелері бойынша анықтамалар дайындалды. ППҚҚ мұғалімдері мен мамандарына арнайы және инклюзивті білім беру саласында заманауи білім беру технологияларын педагогикалық практикаға енгізумен түзету-дамыту сабақтарын өткізу бойынша жеке ұсыныстар берілді.

ППҚҚ жылдық жұмыс жоспарына сәйкес 2023 жылдың сәуірінде ППҚ қызметі мамандарының ашық сабақтары өткізілді. ПДТ бар балаларға арналған арнайы сыныптардың оқушыларымен және жалпы білім беретін сыныптардың ЕББҚ бар оқушылармен барлығы 7 сабақ өткізілді. Сабақтарды өткізу кезінде логопед-мұғалімдер В.Ф. Федотова, А.А. Искендірова, педагог-психологтар С.Б. Бейсембаева, О.А.Маймескулова және дефектолог-мұғалім А. Б. Нұргасымова жоғары кәсіби деңгейлерін көрсетті.

№ 19 жалпы білім беретін мектептің инклюзивті білім беруді дамытудың өңірлік ресурстық орталығының жұмыс жоспарына сәйкес, жалпы білім беретін мектеп процесіне инклюзивті практиканы тиімді енгізу мақсатында мектеп мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін арттыруға жәрдемдесу мақсатында 2023 жылғы 14-22 ақпан аралығында қалалық мектеп мұғалімдері үшін «Оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау» қалалық оқыту семинарларының сериясы жоспарланып, тірек мектептер базасында (№19, № 13, №17, №14, №18, №4) өткізілді. Барлық семинарларға Қалалық білім бөлімінің әдіскері Гүлнар Өмірбекқызы Жайлауова қатысты.

14.02.2023 ж. мектепте қала мектептері директорларының орынбасарлары үшін «ЕББҚ бар оқушыларын оқыту және тәрбиелеу кезінде оқу процесін ұйымдастыру және бақылау» тақырыбында оқыту семинары өткізілді. Іс-шарада инклюзивті білім беру, мектепте психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметін ұйымдастыру, үйде тегін оқытуды ұйымдастыру және мониторингілеу, оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау алгоритмдері мәселелері талқыланды.

15.02.2023ж. Көкшетау қаласының №13 Экологиялық мектеп-гимназиясының базасында мектеп мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру және жалпы білім беру процесіне инклюзивті практиканы тиімді енгізу мақсатында Көкшетау қаласының педагог-психологтарға арналған оқыту семинарларының екінші күні өткізілді. Семинардың тақырыбы «ЕББҚ бар оқушыларға психологиялық қолдау». №19 жалпы білім беретін мектептің педагог-психологтары Маймескулова О.А., Бейсембаева С.Б. өз тәжірибелерімен бөлісті, педагог-психологтың ЕББҚ бар оқушылармен жұмыс істеудегі құжаттамасымен, арнайы білім беру қажеттіліктерін бағалаумен, психологиялық қолдау көрсетудегі жеке түзету-дамыту бағдарламаларымен таныстырды.

16.02.2023 жылы Көкшетау қаласындағы №17 мектеп-гимназиясының базасында қала мектептерінің «Арнайы сыныптарында «сөйлеуді дамыту» түзету компонентін жүргізетін мұғалімдеріне мен логопед-мұғалімдеріне арналған «ЕББҚ бар оқушыларды логопедиялық сүйемелдеу» тақырыбында оқыту семинарының 3-ші күні өткізілді. Семинардың модераторы логопед-мұғалімдердің, дефектолог-мұғалімдердің ҚӘБ жетекшісі Салтанат Жұмағалиқызы

Бейсембаева болды. Семинарда мектепте психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмысын ұйымдастыру, мектепте логопед-мұғалімнің құжаттамасын енгізу, логопедтің оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау алгоритмдері, ЕББҚ бар балаларды логопедиялық сүйемелдеудің жеке түзету-дамыту бағдарламалары қарастырылды.

20.02.2023 жылы Көкшетау қаласындағы №14 жалпы білім беретін мектеп базасында дефектолог-мұғалімдерге және қала мектептерінің жалпы білім беретін сыныптарында зерде бұзылысы бар оқушыларды оқытатын мұғалімдерге арналған «ЕББҚ бар оқушыларды арнайы педагогтың сүйемелдеуі» тақырыбында оқыту семинарының 4-ші күні өткізілді. Көкшетау қаласының № 14 мектеп-гимназиясының директоры Жанар Қайратқызы Жүсіпбекова құттықтау сөзін сөйледі, семинардың модераторы инклюзивті білім беру үйлестірушісі, дефектолог-мұғалім Жанғали Илияс Әбілқазыұлы болды. Семинарда мектепте психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмысын ұйымдастыру, мектепте дефектолог-мұғалімнің құжаттамасын енгізу, дефектологтың оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау алгоритмдері, ЕББҚ бар балаларды сүйемелдеудің жеке түзету-дамыту бағдарламалары қарастырылды.

21.02.2023 ж. Көкшетау қаласының №4 жалпы орта білім беретін мектебінің базасында педагог-ассистенттерге арналған «Жалпы білім беретін мектептегі педагог-ассистенттің рөлі» тақырыбында оқыту семинарының 5-ші күні өтті. Баяндамалармен: № 19 жалпы орта білім беретін педагог-ассистенттері Д. М. Асыхатова, Ж. К. Айтқожина және № 4 жалпы орта білім беретін педагог-ассистенттері өз тәжірибелерімен бөлісті.

22.02.2023 жылы Көкшетау қаласының Сәкен Жүнісов атындағы № 18 мектеп-лицейінің базасында қала мектептерінің ЕББҚ бар балаларды оқытатын жалпы білім беретін сыныптарында мұғалімдерге, арнайы сынып мұғалімдеріне және мұғалімдерге арналған «ЕББҚ бар оқушыларды мұғалімімен сүйемелдеу» атты оқыту семинары өткізілді. Семинарда мектепте психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің қызметін ұйымдастыру, мектепте мұғалімнің құжаттамасын енгізу, ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау алгоритмдері, ЕББҚ бар балаларды сүйемелдеудің жеке түзету-дамыту бағдарламалары қарастырылды. № 19 жалпы орта білім беретін мамандары мен мұғалімдері (Тоғубаева А.К., Бекен Ж.А. қазақ тілі және әдебиеті мұғалімдері мен Адылова Л.К. бастауыш сынып мұғалімі).

Облыс мектептерінің педагогтері үшін өткізілген «Ұлкен» іс-шаралардың бірі 2023 жылғы 12-19 сәуір аралығында «Жалпы білім беретін мектеп жағдайында ЕББҚ бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау» тақырыбында онлайн форматта оқыту семинарларының сериясын өткізу болып табылады. Семинарды өткізу үшін әдістемелік орталық, Ақмола өңірлік білім берудегі жаңа технологиялар орталығы, Ресурстық орталық мамандарынан басқа, ҚР ОАМ Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, ҚР ОАМ АИБД ҰҒПО өкілдері де шақырылды. Семинарлар сериясы 6 күн ішінде өткізілді, олардың әрқайсысы педагогтардың нақты санаттарын қамтыды. Инклюзивті білім беруге жетекшілік ететін аудандық және қалалық білім бөлімдерінің әдіскерлері, директорлардың оқу жөніндегі орынбасарлары, инклюзивті білім беру үйлестірушілері және инклюзивті тәжірибелерді енгізуге жауаптылар үшін: «ЕББҚ бар оқушыларды оқыту және тәрбиелеу кезінде оқу процесін ұйымдастыру және бақылау»; педагог-психологтар үшін – «ЕББҚ бар оқушыларды психологиялық сүйемелдеу»; «Сөйлеуді дамыту» түзету компонентін оқытатын мұғалімдер мен логопед-мұғалімдер үшін – «ЕББҚ бар оқушыларды логопедиялық сүйемелдеу; жалпы білім беретін сыныптарда интелектісі бұзылған балаларды оқытатын арнайы педагогтар мен мұғалімдер үшін – «ЕББҚ бар оқушыларды арнайы педагогпен сүйемелдеу»; ЕББҚ бар оқушыларды оқытатын арнайы және жалпы білім беретін сыныптарда педагогпен (мұғалімдер, пән мұғалімдері) үшін– «Педагогтың (пән мұғалімімен) оқушыларды сүйемелдеу; педагог-ассистенттер үшін – «Педагог-ассистентпен ЕББҚ бар оқушыларды сүйемелдеу» тақырыптары бойынша облыстық оқыту семинарлар сериясы өткізілді. Облыстың барлығы 305 педагогы қамтылған болатын. Оқыту семинарларының қорытындысы бойынша барлық қатысушылар үлестірме материалмен қамтамасыз етілді.

Қызмет мамандары жүйелі түрде жұмыс жоспарына сәйкес оқушыларды, ата-аналар мен педагогтарды кешенді психологиялық-педагогикалық қолдауды қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды жүзеге асырды.

БАЕҚ бар оқушыларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша педагогтарға кеңес беру төменде көрсетілген (кесте 5, диаграмма 1):

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары	Мектеп педагогтарын а кеңестер беру	Облыс және қала білім ұйымдарының педагогтарына кеңестер беру	Барлығы
Инклюзивті білім беру үйлестірушісі Жанғали І.Ә.	96	231	327

<u>Педагог-психологтар:</u> Бейсембаева С.Б. Семенова Л.Е. Маймескулова О.А.	Барлығы: 48 15 9 24	Барлығы: 50 25 - 25	98
<u>Мұғалім-логопедтер:</u> Искендинова А.А. Федотова В.Ф. Кульмаганбетова Г.Е.	Барлығы: 40 15 17 8	Барлығы: 75 25 25 25	115
<u>Мұғалім-дефектологтар:</u> Жанғали І.Ә. Нургасымова А.Б.	Барлығы: 78 48 30	Барлығы: 61 36 25	139
<u>Әлеуметтік педагог:</u> Жумабаева Ы.С.	54	25	79
<u>Педагог-ассистенттер:</u> Асыхатова Д.М. Айтқожина Ж.К.	Барлығы: 15 10 5	Барлығы: 50 25 25	65
Педагогтер үшін барлығы:	331	492	823



Жыл бойы инклюзивті білім беру мәселелері бойынша қала және облыс мектептерінің педагогтарына кеңес беру жүзеге асырылды. Барлық өтініштер 50. Олар Егіндікөл ауданы, Сандықтау, Бұланды, Бурабай, Ақкөл, Жарқайың аудандары, Көкшетау қ. № 1 МГ, № 2 МЛ, № 4 ЖОББМ, № 6 МЛ, № 7, 8, 10, 11, 12 ЖОББМ, № 13 ЭМГ, № 14 ЖОББМ, № 15 ОМ, № 16 ЖОББМ, № 17 МГ, № 18, 21 МЛ.

ППҚҚ мамандары оқушылармен жұмыста бірыңғай бағыттылықты қалыптастыру мақсатында ата-аналармен және педагогтармен өзара іс-қимыл жасауды ұйымдастырды. 24 оқушыны психологиялық-педагогикалық қолдау жеке бағдарламалары әзірленді. ППҚҚ мамандары ата-аналарды оқушылардың даму динамикасымен таныстырып, ұсыныстар берді. БАЕҚ бар оқушыларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-аналарға жеке кеңес берілді.

БАЕҚ бар оқушылардың ата-аналарына кеңес беру төменде көрсетілген (кесте 6, диаграмма 2):

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары	№ 19 ЖОББМ оқушыларының ата-аналарына кеңес беру	Барлығы
Инклюзивті білім беру үйлестірушісі Жанғали І.Ә.	75	75

<u>Педагог-психологтар:</u> Абдуалиева Р.С. Доскенова Д.А. Маймескулова О.А.	20 9 11	40
<u>Мұғалім-логопедтер:</u> Искендинова А.А. Федотова В.Ф.	50 66	106
<u>Мұғалім-дефектологтар:</u> Жанғали І.Ә. Нургасымова А.Б.	29 24	53
<u>Әлеуметтік педагогтар:</u> Жумабаева Ы.С. Цветкова О.Ф.	15 10	25
Барлығы ата-аналарға кеңес беру		299




Осы оқу жылында ата-аналармен кеңес беру жұмыстары жақсарды деп айтуға болады. Ата-аналар ППҚҚ мамандарынан жиі көмек сұрады. Жарты жылда бір рет ата-аналар мен педагогтар үшін ЕББҚ бар оқушыларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша Ашық есіктер күндері өткізілді.

Ағымдағы оқу жылының ППҚҚ мамандарына педагогтардың жүгінуі біршама төмендеді. Бұл 30 педагогтың инклюзивтік білім беру курстарынан өтуіне, сондай-ақ педагогикалық тәжірибеге инклюзивтік тәсілдерді енгізу бойынша бұрын өткізілетін іс-шаралармен байланысты. Осы оқу жылында қызмет мамандарына негізінен жаңадан келген мектеп педагогтары көмек сұрап өтініш білдірді.

Төменде педагогтар мен ата-аналарға соңғы 4 жылда кеңес беру суреті ұсынылған (3 диаграмма):

Соңғы 3 оқу жылының ШПҚҚ педагогтар мен ата-аналармен кеңес жүргізу жұмысының көрсеткіштері



Педагогикалық құзыреттілікті арттыру мақсатында ШПҚҚ мамандары жыл бойы қалалық әдістемелік бірлестік отырыстары мен семинарларына, психологтардың қалалық әдістемелік бірлестігінің отырыстарына, вебинарларда тыңдаушылар ретінде болды, түзету біліміндегі озық тәжірибемен, инновациялармен танысты.

